

Ажарбекова Э.Н.

ОРФОГРАФИЯ ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Практикум)



УДК 80/81(075.8)
ББК 81.2 я 73
О 74

Пікір білдірушілер:

ф.ғ.д., профессор Әділова А.С.
Ф.ғ.к., доцент Шахина С.Ж.

Ажарбекова Э.Н.

О 74 Орфография және пунктуация мәселелері: практикум /
Ажарбекова Э.Н. – Алматы: Эверо, 2020. – 108 бет.

ISBN 978-601-240-505-7

Ұсынылып отырған практикумда орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері курсы бойынша семинар сабақтарының тапсырмалары, жаттығу жұмыстары, өздік жұмысының тақырыптары, тест тапсырмалары беріліп отыр.

Практикум филология факультетінің 5В011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, 5В020500 – Филология мамандықтарында оқитын күндізгі және сыртқы оқу бөлім студенттеріне арналған.

УДК 80/81(075.8)
ББК 81.2 я 73

ISBN 978-601-240-505-7

©Ажарбекова Э.Н. 2020
© Эверо, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған практикум орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері курсы бойынша орындалатын бақылау-шысықтау жұмыстарының тапсырмаларына арналған. Негізінен практикум Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті құрастырған (2007 жылы) типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Алдымен орфография мен пунктуацияның оқу бағдарламасына сай семинар сабақтарының тақырыптары беріліп, соған сәйкес ауызша және жазбаша тапсырмалар ұсынылған. Тақырыпқа байланысты негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі көрсетілген. Тапсырмаларда дауысты, дауыссыз дыбыстардың, түбір сөздердің, қосымшалардың, бірге және бөлек жазылатын сөздердің, қысқарған сөздердің, одағайлардың, шылаулардың жазылу емлесі мен тыныс белгілерінің қойылу жолдары т.с.с. мәселелерге назар аудару қажет екендігі туындайды. Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері курсы бойынша меңгерген білімдерін жүйелеп, студенттердің емле ережелерін дұрыс, тиімді пайдалана білу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, тұрақтандыру мақсатында өздік жұмыстар мен тест тапсырмалары ұсынылған. Практикумды филология факультетінің күндізгі және сыртқы бөлім студенттері ағымдық, аралық және қорытынды бақылау кезінде пайдалана алады.

ТАҚЫРЫБЫ: ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕМЛЕСІ

1-жаттығу. *Дауысты дыбыстардың жазылуына назар аударыңыз. Үлгі: балабақша – «а» дыбысы сөздің барлық буынында кездеседі.*

Ат, отау, балалық, адамдық, балабақша, тасбақа, бота, балуан, аймақ; Әуестік, кінәзәт, шәрбат, әзірейіл, кінәласу, шүбә, әжептәуір; Бағабөй, шөбере, қасқой, от, оймақ, озат, төзімділік, көгал, көкөніс, синоним, Орынбор; айқұш-ұйқыш, ақсүйек, бұйым, дәстүрлі, алмұрт, бұғы, бүлдірген, бүршік; Суат, куә, субъект, дуана, дулыға, зулау, дәулет, өру, күйреу, дәуір; Шындық, бедерлі, тыныс, көгілдір, ғарышкер, әзіл, көріксіз, ыптымақ, қымыз, қатыгездік, мінсіз; Ибалы, нiрiм, саяси, мирас, мәдениет, киік, тарих.

2-жаттығу. *1. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбыстың бірін қойыңыз. 2. Сөздердің жазылу, айтылу емлесін түсіндіріңіз.*

Үлгі: күман – айтылуы: күман, жазылуы: күман.

Күм...н, с...уір, з...мз...м, ...нүдік, ш...рбат, Асан...лі, ендіг...рі, у...лаят, к...мекей, Сары...зек, Аяғ...з, с...зуар, ...рім, ақб...кен, т...скей, б...лтірік, ...ю, с...зақ, д...с, сәнқ...й, ...рай; б...рым, ж...зік, д...бір, д...рия, г...мыр, б...кіт, ...зын, ерт...рман, г...л; З...ла..., қ...рай, сұл..., қ...рай, сүрле..., за...ықсыз, д...агер, ...лы; Шаңғ..., м...нс...з, нәз...к, сәнд...к, көр...мд...к, серп...л...с, Қоб...ланд..., т...н...с; К...ік, ...нелік, ...леу, ...гілік, к...ік, дін..., с...йл...к.

3-жаттығу. *Орфографиялық сөздікті қайдалана отырып, дауысты дыбыстардың жазылу емлесіне қатысты мысалдар келтіріңіз.*

- 1) А, е дыбыстары сөздің барлық буындарында кездеседі: ...
- 2) Ә әрпі бір буынды сөздерде және сөздің бірінші буынында кездеседі:...
- 3) О, ө дыбыстары сөздің алғашқы буынында кездеседі:...
- 4) Ү, ұ дыбыстары сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде кездеседі:...
- 5) Ы, і дыбыстары сөздің барлық буындарында жазылады:...

4-жаттығу. Ә, о, ө әріптерінің жазылуын түсіндіріңіз.

1. Абай Әйгерімнің қандай күймен қатуланғанын ұққан еді. Бірақ оның тымырсық, тұйықтығын бұ да кешіре алмай, кінә ғып ұстады (М.Ә.).
2. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады (М.Ә.).
3. Жаңа туған жас құлынды тәлтіректетіп құйрығынан түртпектеп, шидем киген күләпаралы жылқышы жылқының артында келе жатыр (Ш.Қ.)
4. Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме. Тіпті, басың жас, үлкеннің ондай бәлесінен өзің де аулақ жүр. Өзімен кетсін. Көріп-біліп нетесің? – деді (М.Ә.).
5. Шынымды айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Тұу, күзлігінің өзінде солай жазылған (Б.С.).
6. Жан жүрегінде бір кіршік бар ма екен, сірә? (Ғ.М.).
7. Жұмыскерлердің неден кешіккендіктерін біле алмай дүдәмал болып отырғанда, Байшегір келді (Ғ.Мұст.).
8. Аягөз, Тарбағатай, Алтай Наймандарына да жетіп жатты (М.Ә.).
9. Ішкі-сыртқы дүние хабарларын, көркемсөз, көркемөнер жаңалықтарын жеткізіп тұратын – транзитор (Ғ.М.).
10. Ботагөздің қуанышты сезімін қарағайды жаңғырықтырған қоңыраудың даусы бөлді (С.М.).
11. Тау төбесіндегі Егізкөлде не болып жатқаны белгісіз еді (Ғ.М.).
12. Жанындағы екі ұры аттарына міне сала, Тарланкөкті ұстамақ болған (Б.Қ.).
13. Сол бір кездері біздің арамызда азды-көпті сөз болғанда қалың беру, құда түсу сияқты әдеттер де әңгімеленетін (Б.Қ.).
14. Жаңа ғана қозғалақтап, алаң-құлаң боп отырғандар лезде судай тынып қашып (Ә.Т.).
15. Ол сондықтан бүгін, ауылға жететін күні, үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән риза (М.Ә.).

7-жаттығу. Сөйлемдердегі ю, я әріптерінің жазылуын түсіндіріп, орфоэпиялық сөздікті пайдалана отырып, ол сөздерді айтылуы бойынша жазыңыз. Үлгі: жазылуы: қия, айтылуы: қыйа.

1. Күржан жайланып болды-ау дегендей, Даданбай алдында жатқан тақиясын бір көтеріп, қайта тастады (Қ.О.).
2. «Оның да кісісі оянбай қалмас», - деп әлдекімдер тілдескен сияқты (Қ.О.).
3. Оның сүйегін Түркістандағы Ахмет Яссауидің жанына апарып жерлепті (Қ.О.).
4. Сонау бір жылғы ояз үйіне шабуыл жасауды бастаушылар – Абай аулының жастары (М.Ә.).
5. Екеуі үлкен үйге қарай аяңдады (Ғ.Мұст.).
6. Әлжан қуанышы қойнына сыймай ыржия бір күлді (Ғ.Мұст.).
7. Бұл жерде Кішкілдің сөзін қостап Мәрзия да күліп жіберді (С.Б.).
8. Сүлеймен де Жақияны оқуға беретін болып Құдабайға сөйлесіп келіпті (С.Б.).
9. Ұялының Ақбетіне түнеп, сонан таң ата жортып осылай асқан екен (С.Б.).
10. Бетіне қара қошқыл майы жүзген қара сабаиың сұп-суық қою қымызы пісе-пісе өліп қалған (Ғ.Мұст.).
11. «Мына балаға жас сорпа ішу керек, қара тоқтыны сою керек», - деп әйелімен ақылдасты (Ш.М.).
12. Ақбілек қоюын қиыстырып, бар өнерін салып, текемет басты (Ж.А.).
13. Жалғыз қалса мұнаю оның күндегі әдетіне айналды (Ж.А.).
14. Көз алғысыз әдемі оюлардың өңі кетіп қурай бастаған (Ғ.Мұст.).
15. Жарқын гүрсіл саябырлаған кезде қайтып кетті (Ғ.Мұст.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. 23-27 бб.
2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. 22-42 бб.
3. Қазақ алфавиті мен орфографиясының ережелері. – Алматы, 1957. 13-26 бб.
4. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. 18-29 бб.

5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993. 15-31 бб.
6. Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1985. 20-33 бб.
7. Уалшев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері – Алматы, 2008. 23-32 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. 9-12 бб.
2. Исаев. С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. 11-12 бб.
3. Орфографиялық сөздік. – Алматы, 2007. 19-67 бб., 141-153 бб., 311-324 бб., 423-434 бб., 468-475 бб.
4. Орфоэпиялық сөздік. – Алматы, 2007. 19-743 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕМЛЕСІ

1-жаттығу. *Дауыссыз дыбыстардың (б, в, г, д, ф, х, ч, һ, ц) жазылуына назар аударыңыз.*

Биология, ромб, махаббат, вокзал, вахта, фестиваль, гарыш, галамат, каламгер, галстук, гауһар, граф, филолог, денгей, диктафон, орда, Бағдат, Араб халифаты, Хадис, хал-ахуал, альманах, хикая, Фархат, фонема, логика, аккорд, психолог, цемент, цилиндр, жиһангер, циклон, парацетамол, жиһаз, Жауһар, айдаһар.

2-жаттығу. *1. Көп нүктенің орнына тиісті дауыссыз дыбыстың бірін қойыңыз. 2. Сөздердің жазылу, айтылу емлесін түсіндіріңіз. Үлгі: тарих – «х» дыбысы сөздің соңғы буынында жазылған.*

Тари..., ...ангастика, биос...ера, аль...а, ...алифат, ба...адүр, ...онтан, бу...ер, жа...аннам, сұ...бат, мұ...ият, ру..., ...ефис, дифтон..., ...раза, ку..., мазха..., форма...ия, ...итата, ажда...а.

3-жаттығу. *Орфографиялық сөздікті пайдалана отырып, дауыссыз дыбыстардың жазылу емлесіне қатысты мысалдар келтіріңіз.*

- 1) Кірме сөздерде **ф, х, в, ч, ц, щ** дыбыстарының жазылуы, мысал...
- 2) **Б, в, г, д** дыбыстарына аяқталған сөздерге мысал...
- 3) **Ғ** әрпі сөздің басында және ортасында жазылады: ...
- 4) **Й** әрпінің жазылу емлесі, мысалы:...

4-жаттығу. *Мәтіндегі қ, г әріптерінің жазылуын түсіндіріңіз.*

Үш салт атты қатты желіп келеді. Біреуі алдарак, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу тірсек желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді.

Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қыркасында тұрған топтың алдына жақындап келіп сөйлеп кетті:

- Армысыздар, ағайындар... «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Кірлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп, жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлығы кездескендей, - деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...

Осындай өжет жастарды Есенеі қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сөзінде нәр де, зәр де бар екен. Осылай өсіремін деп үміт еткен екі ұлы кара шешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уығтты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сибанның ішінде үміт етер өреннің бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып, түрікпен Мүсірепке қарады: «Жылы жауап бер», - дегендей еді. Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар жапалақтай бастады. Есенеі алыстан көз тігіп келіп тоқтаған жерін мақтап мақұлдағанын күткендей жолдастарына қарады (Ғ.М.).

5-жаттығу. Мәтіндегі ф, х әріптерінің жазылуын түсіндіріңіз. Ол әріптер қатысқан сөздерді төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:

<i>Сөз басында</i>	<i>Сөз ортасында</i>	<i>Сөз соңында</i>
<i>Фонтан, ...</i>	<i>Диктафон, ...</i>	<i>Философ, ...</i>

1. Қатар құрбыларының арасында шынында да геолог емес, философ атанған Қабеннің қолынан ешқашан кітап түсіп көрген емес (З.Қ.).
2. Телефонның арғы жағынан абыржып, толқып тұрған әйелдің үні үзік-үзік естіледі...
3. Бөлме ішінде фотоаппараттың тырс-тырс еткен тынымсыз дыбысы естіледі (К.Қ.).
4. Шахмат ойынының шығуы туралы көптеген аңыздар бар. Соның ішіндегі ең қызықтысын ұлы ақындардың бірі Ә.Фирдоусидің «Шахнама» атты шығармасынан кездестіреміз (И.Д.).
5. Жақында тағы бір суық хабар естілді. (С.Ж.).
6. Қанша әккі, күшті дегенмен адамнан жеңілмейтін хайуан жоқ (С.Ж.).
7. Шілдеханаға әкелуге мұршаң келе ме? (С.Ж.).
8. – Ғафу етіңіз, Ақан аға, әншейін сөздің ретімен... (С.Ж.).
9. Біржанға мұның бәрі ғажайып бір тарих, шежіре (И.Ж.).
10. Мақпал мен Сегіз сері хикаясын жырлай бастағты ақындар. Бұл жырлауға тұрарлық махаббат болған екен (И.Ж.).

11. Бұрын жаудан шайлығын көрмеген оның жүрегі бұл хабарға тігіркенгендей болды (С.М.).
12. Бейімбет сөзіне шофер жігіт құлақ асқан да жоқ (Ж.М.).
13. Тұтқындалған Махамбет екі жылдан кейін қашып шықты (Ә.С.).
14. Штабты өртеген – ата қонысынан айрылған Балта Керей, Мұхамедияр екен (И.Ж.).
15. Офицер мен солдаттарға Бестұрғанов жалаңаш жиектей өскен ағашқа кіре жетті (С.М.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. 28-29 бб.
2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. 18-22 бб.
3. Қазақ алфавиті мен орфографиясының ережелері. – Алматы, 1957. 26-35 бб.
4. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. 30-49 бб.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993. 31-42 бб.
6. Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1985. 33-58 бб.
7. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері – Алматы, 2008. 33-39 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. 13-19 бб.
2. Исаев. С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. 12-15бб.
3. Орфографиялық сөздік. – Алматы, 2007. 19-468 бб.
4. Орфоэпиялық сөздік. – Алматы, 2007. 19-743 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ТҮБІР СӨЗДЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1-жаттығу. Түбір сөздерге түрлі қосымшалар жалған, жазылуын түсіндіріңіз. Оларды қосымшалардың жуан, жіңішкелігіне қарай төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:

Жуан қосымшалы	Жіңішке қосымшалы
Автоклубтар,	Этюдті, ...
...	

Эпод, автоклуб, поезд, трансформация, секунд, спутник, фразеология, артикль, апрель, циркуль, әзіл, мұғалім, араб, тарих, шофер, астроном, ботаник, лингвист, Хиуа, астрономия, Каир, империя, образ, биязы, дария, хирург, тақия, әдебиет, саяси, киік, газиз, құпия, мәдени, ғылыми, сия, дидар, киік, Донбасс, газиз.

2-жаттығу. Қосымшалардың жалғануына назар аударыңыз, жазылуын түсіндіріңіз.

1. Жұмыскерлердің неден кешіккендіктерін біле алмай дүдәмал болып отырғанда, Байшегір келді (Ғ.М.).
2. Ботагездің қуанышты сезімін қарағайды жаңғырықтырған қоңыраудың даусы бөлді (С.М.).
3. Кәмел Қостанайда Бекет Өтетілеуовке кездескен екен (С.К.).
4. Күнікейдің бүгінгі жүріс-тұрысында, қозғалысында байқаған адамға бір түрлі жаңа өзгеріс бар секілді еді (Ж.А.).
5. Цирктің алаңына тұс-тұстан уыс-уыс күміс ақшалар шашу болып шашылды (А.Х.).
6. Осы сәтте Баидуров взводының жауынгерлері түгелімен неміс окоптарына жетіп келіп, бүкіл траншея бойын жаудың қалған құтқандарынан тазарта жөнелді (Ж.Ж.).
7. Ал шаруақор вертолеттер таудағы геологтар мен алыс отарлардағы малшыларға барып, оларға тынбастан қамқорлық жасайды (Ә.Н.).
8. Хиросима трагедиясы сияқты Отырар алапаты да жер үстіндегі ауыр трагедиялардың бірі болған (Ә.Ә.).
9. Сарықұм аулы егіннен өзге тіршілігі жоқ, өңкей жатақтар бола тұрса да, сәнді ауылдың бірі болатын (А.Х.).

10. Қорыққандай ма, әлде кінәлағандай ма, әйтеуір ол Судыр Ахметке жас дірілдеген әдемі қара көзі ұясынан шыға қарады (Ә.Н.).

3-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, жалғану заңдылығын түсіндіріңіз.*

1. Бұрынғыдай емес, Сейсенгали... ойын уайым, тығырыққа тірелген лажсыздық, әлденеден абыржып қысылу билеп жүрді (Қ.Ж.).
2. Егер бәрі сәтіммен өтсе, бес тәулік тынымсыз қамаудан соң, шығысы – Сарысу, батысы – Жыланшық, түстік... – Қалмаққырған, терістік... – Сары-Торғай өзендерімен шектелетін, аумақ... мың шақырымға жуық кең дала.
3. – Сіздің ат-шанаңызға мініп, адьютант... алып облыс... Совдептің мүшесі юрист сұлтан Бақытжан Қаратаев кеше қаладан шығып ішкі бетке қарай кеткен (Х.Е.).
4. Командования... осы планын октябрь... он үшіннен бастап жүзінші бригаданың әрбір бөлімшесіндегі үгітшілер жауынгерлерге ұғындыруға кірісті, солардың бірі – бірінші ротаның партия ұйымдастырушы – Мәншүк Маметова (С.М.).
5. Жазагер отряд... бастығы офицер Антонов... жүрген жері жылан тегісігінің қақпағы көтеріліп, ар жақтан надзиратель... жалғыз жанары оқтаулы мылтықтай суық қадалды (Ш.М.).
6. МХАТ-... сахна тарихында қазақтың ширатылған шымыр образының тұңғыш көрінуі және оның біздің әкеміз екені тек балалары үшін емес, бүкіл халқымыз үшін мерейлі мақтаныш, зор қуаныш еді (З.А.).
7. Журналист... келтірген факт..., дәлелдері – шегедей нығыз, бұлтарпай ұстап тұр (Н.Ф.).
8. Повест... Қызылқұм ішінде тіршілік еткен қойшылардың қиын ахуалы, мәдени, рухани жұтауы сөз болады (Ә.Н.).
9. Қобызшы Мәди... жауап... күтнестен сұңқарын самғатып жіберді (Ә.Ә.).

4-жаттығу. *1. Мәтіннен аралас буынды сөздерді теріп жазып, жазылуын түсіндіріңіз. 2. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды табыңыз.*

І. Қазірде Құтман бейітінің екі жағындағы жаңа қабірлер Қодар мен Қамқанікі болатын. – Ағекем, кеше гөр! – десіп кеп зар-зар етеді. Көздерінен шын өкініш жастары ағыл-тегіл шығады. Сияз деген мол шығын. Ол – көп елдің қалың даугерлері келіп орнайды деген сөз –

Бұйрық ұлықтікі, Құнанбай мен Майбасардікі. Мен шығарды деп пе ең? – Қарашаға сыздана бір қарап алды да, - бол, болындар! Ақылдасындар да, үй қамдандар, - деді. – Енді, міне, Тобықтының жемпаздары қапастың да семізін, лапкениң де қызарғанын құртып барады. Осы маңдағы қос атаулының да қысыр жайы мен билерін жемей кететін емес... – деседі (М.Ә.).

II. Міне, өнер. Баяғыда найзагерлер шауып бара жатып жыланды сүңгісінің ұшымен желкесінен іліп әкетеді екен. Бір салғанда егіздің төрт қабат терісін қақ айыратын қамшыгерлер болыпты. Ауылдағы баланың арманы еді, сондай өнерпаз болу (М.М.).

III. – Әсетжан, атаңның кемпірі қайтыс болған жуырда, ұмытпай қазір көңіл айт. Жас кезінде қалаға кетіп, бай саудагерлердің қолында жалшылықта жүріп, етінің тірлігімен көзге түсіп, талайды аузына қаратқан, көңілі жүйрік, ойы сергек, ойын-сауық десе жанын салған сері жігіт болыпты. Басқа шалдар құсап сақал-мұртын қолымен емес, ақ жібек орамалмен сылап-сипайтыны да серіліктен қалған әдеті (С.М.).

5-жаттығу. Төменде берілген жіңішкелік белгіге аяқталған сөздерге түрлі қосымша жалған, жазылуын түсіндіріңіз. Үлгі: *автомагистраль – автомагистральға, ...*

жалағандай болып қалатын (Ғ.М.). 6. Темір есіктің көздей

Автомагистраль, автомобиль, ансамбль, аэрозоль, бемоль, бинокль, вексель, вермишель, гармонь, деталь, кабель, календарь, кафель, модаль, мораль, китель, повесть, профиль, спираль, табель, туннель, шинель, эмаль, янтарь,

6-жаттығу. Төменде *-нд, -мп, -кт, -мб, -ск, -фт, -нг* дыбыстарына аяқталған сөздерге түрлі қосымша жалған, жазылуын түсіндіріңіз. Үлгі: *Томск-і-ге, ...*

Томск, фонд, шрифт, Новосибирск, штамп, факт, митинг, объект, ромб, киоск, Омск, лифт, диск, такт, эвкалипт, экстракт, монофтонг, стопинг, шрифт, ландшафт, мустанг, перфект, ринг, франк, фотоэффект, аффект, аэролифт, дефект, диалект, субъект, инстинкт, пропуск, комплект, контакт, конфликт, штанг.

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. 29-37 бб.
2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. 71-107 бб.
3. Қазақ алфавиті мен орфографиясының ережелері. – Алматы, 1957. 36-43 бб.
4. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. 30-49 бб.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993. 31-42 бб.
6. Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1985. 16-20 бб.
7. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері – Алматы, 2008. 40-47 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. 20-23 бб.
3. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. 16-20 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: БӨЛЕК, БІРГЕ ЖӘНЕ ДЕФИС АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

1-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден күрделі сөздерді теріп жазып, жазылуын түсіндіріңіз. Үлгі: тау жылқысы – күрделі зат есім, ...

1. Құлын күнінен осындай тауда қиялай жайылып, арқардай тәсіл алған тау жылқысы ғана көңілге сүйеу болады (М.Ә.).
2. Үй іші әлі қора жанында тігілген жыртық қара киіз үйде (М.Ә.).
3. Қара суық мезі қылғандықтан, Ақшоқыдағы ауыл бұл күнде тегіс жылы тамға кірген (М.Ә.).
4. Абай қарсы үйде оңаша отырып, соңғы он шақты күннен бері кітапқа, қағазға күндіз де, кеш те үйіліп еңбек етеді (М.Ә.).
5. Шыңғыс сыртының өзге жайлауы қоңыр салқын, жауынды келсе, дәл осы Бақанас суынан оңтүстікке қараған жақ өзгеше бір бүк, ыстық болушы еді (М.Ә.).
6. Тенгек Шодырдың баласы Арал қаласына келіп, құдіретті қайын атасы Марковтың үйінде жатқан хабар теңіз жағасын дүбірлеткелі талай күн (Ә.Н.).
7. Бекен оқыстан шыққан үнінен селк етіп, жалт қарады да, жирен атын тебініп, өңмендеп келе жатқан түсі суық сары кісіні көрді (Б.М.).
8. Ол дерт деген иттің ұрын келіп, ұрыпжығарын білген жоқ (Б.М.).
9. «Ал енді не айтасың?» дегендей, жазық маңдай, қыр мұрын, аққұба, аққу мойын, аршын төс, қара торы, қиғаш қас, ақ сары қыздар әлі маған жаудырап қарап отыр (Ә.Н.).
10. Ақан сері Құлагерінің қайғысымен егіліп ел арасында ұзақ жүріп қалды (С.Ж.).

2-жаттығу. Біріккен сөздердің жазылуын түсіндіріңіз.

1. Осы кезде Баймағамбет тағы да Қарашолақтың құлағына сіңген өткір жіңішке үнімен қысқа ғана «кеу!» деп қалды (М.Ә.).
2. Жаңа жамыраған қойлар дүниені у-шу қылып мазаны кетірген соң, біз ауыл несі Жортар ақсақалмен әңгімелесіп, құдықтың желке жағындағы тастақ төбенің басына таман аяңдап келе жаттық (М.Ә.).
3. Жортар жас шағында осы ортаның айбынды қолбасы, батыры болған (М.Ә.).



4. Әлдеқайдан көктем шуағына мас болған бозторғайдың шырылы талып жетеді (Қ.Ж.).
5. Сонау алыс солтүстікте үлпілдеген ақ мамық бұлттар қалықтайды (Қ.Ж.).
6. Итбалық жаздығүні су ортасындағы көселерде де жүреді, аушылар өздерінің ыдысына мініп, түнде жағаға барады.
7. Осы жеңістердің арқасы ғой, енді Қараөткел, Көкшегау, Баянауыл өкіріктерінің кей ауылдары бірден Кенесары жағына шыға бастағаны (І.Е.).
8. Әбілқайырдың сойылы «Ақтабан шұбырынды» кезінде осы қарақалпақ тайпасына келіп қосылған Ұлы жүздің бір бөлігі Жалайыр ауылдарына қатты тиген (С.С.).
9. Мен ақсұңқардан туған құмаймын (Махамбет).
10. Ойқудықтың төбесі көрініп тұрған Шолақтерек, Базарбай құдығы, Аққудық-Көкше қоныстары (М.Ә.).

3-жаттығу. *Сөйлемдерден қате жазылған сөздерді тауып, орфографиялық сөздіктің көмегімен жазылу емлесін түсіндіріңіз.*

1. Таң ертеңнен Терісаққанның ойпаттау жағасына қонған Байболат ақ сақалдың аулына Күнімжан мен Жапалақ сары қызды еріткен Кенесары нөкерлерімен келіп түсті (І.Е.).
2. Алды сонау сонау Аюлы мен Ниязға, ең бері болғанда Ит шоқы мен Боран шоқы бойына жеткенше күн демей, түн демей үдере көшеді (З.А.).
3. Мына даланың тау, тасын, өзен, көлін, ел, жұртын, адамдарын, тарихын, өмір тынысын біле түскен.
4. Құралай сұлуды көздерінің қарашығындай сақтаңдар. Бұл қыз – Батырбаянның олжасы (І.Е.).
5. Ақ тоқты осы тұста қызарақтап, саба түбіндегі апасының қасында ыңғайсызданып, ұялып отырған (С.Ж.).
6. Куропаткиннің Түркістан өлкесіне генерал губернатор болып келгенін өзбек, қазақ, қырғыз сияқты халықтар үшін үлкен бақыт деп түсіндірді бұл газет (С.К.).
7. Майданның сол қанатына бөлінген Ораз Мұхамедке ұрысқа алғашқылардың алды болып кіруге құрметі жүктелді (М.М.).
8. Жаңағы кәсіп орындарына жалғаса созылған тағы да көп қараңғы көшелі қала жай бар (М.Ә.).
9. Ақ бас білімді, тіс қаққан адам болғанмен қазақ арасына жаңадан келген (М.Ә.). 10. Көше жақтан шыққан ұзын қамшының шартылы мылтық атқандай қаһарлы ақ (Ш.М.).

4-жаттығу. Берілген мәтіннен дефис арқылы жазылған сөздерді теріп жазып, жазылу емлесін түсіндіріңіз.

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейін деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпастан өзі оятып тұрғызып еді.

Күн ұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың тұс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады.

Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай: - Мына баланың ауылға асығуын-ай!

- Сорлы бала қыстай іш-құста болып қалған-ау, - деседі. Шәкірт бала ұзап кеткенде бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді. Жорға Жұмабайдың тақымында қара шоқпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайың сойылы бар-ды. Тақырбұлақ тұсына келгенде Байтастар баланы жеке шабудан тежелі:

-Енді біден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады... – деді.

-Сені мен бізді манадан көріп отыр! «Қоқырақтап жалғыз шабатын неме екен, түсіріп атын әпкел өзінің!» - дейді де, сені төбеден бір-ақ нұқып, мына бәйге бестінді алады да кете барады, - делі Жұмабай да.

-Е, сендер ше? Сендер беріп жібересіңдер ме?

-Ойбай, бізде не қауқар бар? Біз екеу-ақ...

-Олар самсаған сары қол. Бұл Есембайда ұдайы жау жатады. Тек бізді өзіміздің елдің адамы деп аман қалдырмаса жер жаман, - деп Жұмабай шошыға сөйлегісі келеді.

Баланың қытығына тиетіні осы жері.

-Әйтеуір сендерден дәрмен жоқ екен. Ендеше бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал кеттім, - деп, соқтырта жөнелді. Бұл – Тақырбұлақтан өте бергенде бастағаны еді (М.Ә.).

5-жаттығу. Берілген мәтіндерден бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз.
Үлгі:

<i>Бірге жазылатын сөздер</i>	<i>Бөлек жазылатын сөздер</i>	<i>Дефис арқылы жазылатын сөздер</i>
белбеу, ...	азу тіс,...	тексермей-ақ, ...

I. Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ. Қалайша бүйтіп әдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалғанды.

Барлық ас жақты басқарып жүрген Ызғұтты. Ол: - Былай... Бас аяғыңды! Әпкел! Бол... Бол шапшаң! – деп, Майбасар, Жақыптарға да шолақ-шолақ бұйрықтар береді. Абай есінеп, түрегеліп, енді Майбасар пәтеріне қайтпақшы еді. Еңгезердей үлкен бойлы, сары Баймұрын Бөжейді татуластыра әкелген кісі болатын. Жалғыз-ақ Қарқаралыда ұзақ тұрғаннан бері мінілмей жемге ғана тұрған семіз сәйгүлік аттары майланып кеткен болатын. Қалыңмал... Абайға әперетін келіннің қалыңмалы да бұлдырдан.

-Әпкел, базарлығыңды әкел! Тәттің кәні? Берсеңші шапшаң? – деп Абай шешелері мен де, Ғабитхан, Тәкежендармен де амандастырмай асықтырып жатыр. Соған былтыр күздігүні қыстауға кірер алдында сіздің ауыл қонышты.

- Менің әкелгенім осы бір сәлем. Арғысын өзіңіз біліңіз.

-Қайтпек керек? Ақперді! Ақпердіге құдай бақ берді, - деп Құлыншақ ащы бір мысқылмен күліп қойды. Өйткені төсек салып жүрген – бағанағы шай құйған сары келіншек. Сөйтіп бұл атты Тобықты қойған дейсіз бе? Тобықты келмес бұрын сондай ат жоқ па екен? (М.Ә.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. 37-53 бб.
2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. 50-70 бб.
3. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. 50-61 бб.
4. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздер. – Алматы, 2005. 36-105 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. 36-57 бб.
2. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. 34-39, 116-117 бб.
3. Орфографиялық сөздік. – Алматы, 2007. 19-468 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

1-жаттығу. Сөйлемдерден қысқарған сөздерді тауып, жазылу емлесін түсіндіріңіз.

1. Байкал-Амур магистралінің құрлықшыларына арналған «БАМ» газеті бар («С.Қ.»).
2. Иірсу бөгеліп, ГЭС салынса қаланың бір қатталы орман, екінші жағы теңіз болады екен.
3. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «ҚазАгро» холдингі жиналған астықты алдағы уақытта қайда және қалай сатылатынын айқындап беруі қажет («О.Қ.»).
4. Бүгінгі ТМД мемлекеттерінің де тағдырын желтоқсаннан бөліп қарау мүмкін емес («Ж.а.»).
5. МАИ бастығымен осы мәселе жөнінде тілдесудің сәті түспеді, демалыста көрінеді («Ж.А.»).
6. «Қазақтелекомның» басшылығы бірқатар халықаралық байланыс желілері бағытына сөйлесу бағасын төмендетті («Ж.А.»).
7. Бірақ біздің кинотелекөрсермендер содан өзіне аз-кем болса да тиімді нәрселерді ала білсін («П.»).
8. ТМД ШБК алғашқы күннен өз жұмысында әскери мақсаттағы бірлескен жүйені құру мен жетілдіруге айрықша мән берді.
9. Астана қаласының тұтынушылары үшін «Астаназнергосбыт» ЖШС-ның электр энергиясына орташа босату тарифі 2012 жылғы 1 сәуірден бастап 1кВт/сағатқа жеке тұлғалар үшін ҚҚС-сыз 9,32 теңгені құрады («Е.Қ.»).
10. «ҚазАгро» ұлттық холдингінің қаржысына Алматы қаласы маңайында азық-түлік белдеуін құру мақсатында қойма салынды («Е.Қ.»).

2-жаттығу. Берілген сөйлемдерден күрделі сөздерді тауып, қысқартып жазыңыз. Үлгі: Қазақстан Республикасы – ҚР, ...

1. Осы мәселені түбегейлі зерттеген – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі С.З.Зиманов («Парасат»).
2. 2011 жылы еліміздің барлық аймақтарында Дәрілік ақпараттық орталықтар ашылды («О.Қ.»).
3. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық пен достықты нығайту ниетіне негізделген салмақты да жауапты саясат жүргізіп отыр («Е.Қ.»).

4. Ол ең алдымен Негізгі Заң Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылауға байланысты.
5. Рисос қонақ үйінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті отырысы болды («Е.Қ.»).
6. Депутаттар келесі кезекте темір-бетон бұйымдарын шығаратын «Мақсат Астана бетон камбинаты» жеке шаруашылық серіктестігінің зауытына келді («Е.Қ.»).
7. Болашақта Сыртқы істер министрліктері арасында екі жақты және халықаралық көп жақты көкейкесті мәселелер бойынша консультациялар болмақ («Е.Қ.»).
8. Бұқаралық ақпарат құралдары арқашанда тәуелсіз және ой-пікірлерін тиісті бағыттар бойынша ғана жеткізеді («Е.Қ.»).
9. 2012 жылдың 24 мамырында V Астаналық экономикалық форум аясында «Болашақ энергиясы» тақырыбында сессия өтеді («О.Қ.»).
10. Палестина ұлттық әкімшілігінің Президенті, Палестинаны азат ету ұйымының төрағасы Ясер Арафат елімізге келді («Е.Қ.»).

3-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына қосымшаларды жалған, қысқарған сөздерге қосымшалардың жалғану жолын түсіндіріңіз. Үлгі: ПИК-ке, ...

1. Пәтер иелері ПИК-... бастапқы жарнаны салады («О.Қ.»).
2. Мәскеу қаласындағы Үлкен Кремль сарайында ЕурАзЭҚ-... мемлекетаралық кеңесінің мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңесінің отырысы өтті («О.Қ.»).
3. Сыртқы істер министрлері НАТО-... байланысты мәселе бойынша кездесуді ҰҚШҰ-... мерейтойлы сессиясының қарсаңында ұйымдастырған дұрыс деп отыр («Е.Қ.»).
4. Осы уақыт ішінде жүзден астам мемлекет таныған Қазақстан БҰҰ-... және Халықаралық қазына қорының мүшесі болды («Е.Қ.»).
5. Ағаш отырғызу акциясына танымал мәдениет қайраткерлері, КСРО мен ҚР-... халық және еңбек сіңірген әртістері Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева мен өзге де жұлдыздар қатысады («Е.Қ.»).
6. Бәрімізге мәлім, НЭП-... алдында күрделі саяси және әлеуметтік міндеттер тұрды (Ғ.М.).

7. Басқару мақсаты – КИМЭП-... әлемдік деңгейдегі институт дәрежесіне көтеру мен осы мақсатта оған аса ірі қазақстандық және шетелдік компаниялар мен банктерді қатыстыру жолдарын талқылау («Е.Қ.»).
8. Кейбір ақпарат көздеріне қарағанда, 5 сәуірде АЭС-... екі рет өрт болған («Е.Қ.»).
9. 1996 жылғы қыркүйектегі БҰҰ-... 51-сессиясы кезінде Қазақстан ядролық сынақтарға жапшай тыйым салу туралы шартқа қосылды («Е.Қ.»).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. 53 б.
2. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. 50-61 бб.
3. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздер. – Алматы, 2005. 36-105 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. 57-63 бб.
2. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. 34-39 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден шылау сөздерді тауып, жазылуына назар аударыңыз.*

1. Күндізден, ерулікші қонақ әйелдер келгеннен бастап, Айғыз бен Қалиқа оларды бұл үйлер жаққа бастырмаған (М.Ә.).
2. Советник Абайдың қандай ызамен қайнап кеткенін, қандай өрт қимылға бекінгенін жаңағы шыққан айғайлы жүзінен анық танып кеп, осыны істеген-ді (М.Ә.).
3. Болғаны-ақ сол, Толайым бізге жолыққалы келеді-ау! – деп Бекбол тағы үндемей қалды (М.Ә.).
4. Сол қолқамды бересің бе? – деп, баласын нығынан құшақтай түсіп жауап күтті (М.Ә.).
5. Осыдан бірер жыл бұрын бұл інісімен өзі де ойнап, асыр сап кететін болса, беймаза көріп шеттей беретін (М.Ә.).
6. Осыдан он бес-жырма күн кейін Абай мен Ербол да елге қарай келе жатты (М.Ә.).
7. Ал егер айы оңынан, жұлдызы соңынан тумай қалса ше? (Ш.М.).
8. Ұлболсын секілді замандастарымның бейнесін жасауым, өздеріңіз білесіздер, бұл бір көңіл күйі, жүрек шабыты (І.Е.).
9. Соның артынан жаңағы Оспан малы әрі қарғы бау, әрі қалың есебінде, шақ беріліп еді (М.Ә.).
10. Әйтсе де ең көбі – қауырсын жүнді жебе шаншылмаған, мойны не топшысы үзілген үйрек, қаздар еді (М.М.).

2-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, жазылу емлесін түсіндіріңіз: әрі, тәрізді, қарай, алайда, пен, -ды, гана, ма, бері, да, де, та, те, әлде.*

1. Өлеңнің сөзі Мағаш ... Дәрмен айта беретін, күндегі көптің құлағына сіңген сөз бола ... екен? (М.Ә.)
2. Шерубай бұл насихатын маған арнап айтқан ... (І.Е.).
3. Кешегі-бүгінгі күндердің ... емес, ертеңгі күннің, бүкіл болашағымыз бір деген мағынаны береді емес пе? (Ғ.М.).
4. Ғабитхан содан ... екі күндей қамшысын жоқтап, бар қонақтың мазасын алып, әбден сарп ұрса ..., дерек таппай сілесі құрып қойған... (М.Ә.).
5. Сонысымен ол ... сәнді, ... өзгеше біткен сұлу (М.Ә.).
6. ... көңілін қызу құмарлық, тоқмейіл қанағат емес, ... ояныш, ... өкініш елесі бұғандай (М.М.).

7. Жалпы адам баласы ... осыншама опық жеген осынау бір жүдеу жанға өзге жұрт қандай жақсылық істеді? (І.Е.).
8. Абай келгеннен ... Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше келіп кетті (М.Ә.).
9. Қазақ арасында қасқыр, түлкі алар мұзбалақ бүркіт ..., үйрек-қазға ұшар қара лашын ..., қоянға түсер көк қаршыға ... бар (М.М.).
10. Қазір жүргіншілер Ертістен шалқайып, қазақ сахарасының қалың ортасына ... тартпақшы (М.Ә.).

3-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден қате жазылған шылауларды, шылау тұлғалас септік жалғауларды, жұрнақтарды, үстеулерді тауып, жазылуын түсіндіріңіз. Үлгі:*

<i>шылау</i>	<i>жалғау</i>	<i>жұрнақ</i>
<i>-ды – демеулік шылау, ...</i>	<i>-ды – табыс септігінің жалғауы, ...</i>	<i>-ды жедел откен шақтың жұрнағы, ...</i>

1. Өткен іс көңіл де өшпес таңба қалдырғаны көрініп тұр, бірақ әңгімесін де өксімен өкініште, бүкпемен қоспада жоқ (М.М.).
2. Зейнеп қазанды бұрынғыдан жаман шақырлатып былға-ды (Б.М.).
3. Осылайша атқа мініп, оралып кайтуын Оспан тілеген соң, бағанағы сөзін айтар деп Абай үндемей ергенді (М.Ә.).
4. Ілгері баспаса, кейін кетпекші емеспе еді? (М.Ә.).
5. Мойын ағаш ша нiлiп жатыр (К.И.).
6. Осы өткен қыста, тағы бір келген сапарында Мәкіш пен ұзақ сырласқанды (М.Ә.).
7. Күзетшілер жанында тұрған Абылайды көріп, ұзын сары шабарман нiлiп сәлем бер-дi (І.Е.).
8. Кеше қонақтар келер де көр ме де ерттеусіз тұрған қара жал, қара күйрық, ақ сары ат бүгін әсем ерттеліп-ті (М.Ә.).
9. Орта бойлы, жауырынды, ашаң бет, ақ құбаша жігіт жел мен ұшқан қаңбақ ша көк биені ұшыртып келе жатыр (М.М.).

4-жаттығу. Мәтіннен шылау сөздерді тауып төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз, жазылуын түсіндіріңіз. Үлгі:

<i>Бөлек жазылатын шылаулар</i>	<i>Дефис арқылы жазылатын шылаулар</i>
<i>да – жалғаулық шылау, ...</i>	<i>-ақ – демеулік шылау, ...</i>

Көрі шығыс тау! Адам жерге не болғаннан бергі қарай сенің қормегенің жоқ. Шыңғыс Темір сияқты талай-талай сайып қырандарды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздық жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты. Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүректі айнымас батырларды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жер ошақтай жер қазып, үңірейтіп бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңнан келмей түк көрмегендей-ақ мыңқиып тұра бересің-ау. Онымен де қоймай, қысқа күнгі күн шығыстан, ұзақ күнгі күн батысқа қарай керегеде жайылған кең қолтығыңды ашып, үңірейтіп: «Кел, кел! Тағы менің қолтығыма кірін, біресе рахат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетінің келіндер!» - деп үнсіз даусыңмен шақырып тұратыныңды қайтемін!.. Әне, кешегі бір кезде (1910 жылы) амал жұлдызының орта шенінде қайтпас қара желінің дауылы соғып, қардың суын сай-сайдан сарқыратып, соққан жел, аққан суың жан-жануарға рақат болса да, бір жағынан, ұшқан қаңбақ, аққан дөңбек сияқты тамырсыз көмексіздердің есін шығарып, дегбір тапқызбай, сандалтып апарып бірін құлағалы тұрған жарға тығып, бірін құдыққа салды!

Онымен де қоймай, кейбір жердің шымын аударып ағытып, жаңа өспірім жастардай жаңа ғана шыққан жасыл шөпті танымайтын жат жерге апарып та тастады (Ш.Қ.).

5-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден шылаулар мен онымен омоним морфемаларды төмендегі үлгі бойынша теріп жазыңыз, олардың сөйлемдегі қызметін түсіндіріңіз.

Үлгі:

шылаулар	омоним морфемалар
мен – жалғаулық шылау.	-мен – көмектес септігінің жалғауы

1. Ақылды орнымен сөйлер де жауабын күтер (С.Саран).
2. Байлық – қанағат пен еңбекте (Ы.А.).
3. Өзіңді-өзің тану үшін кітап керек. Өзгені де тану үшін кітап керек (Р.Ғ.).
4. Су мен жер туралы ой – бұл түштеп келгенде, адамның өзі туралы ой (Ш.А.).
5. Қазақ халқының көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі – Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі – қазіргі Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Қарақалпақ автономиялы республикасына шектеледі (С. М.).
6. – Сіздің ауыл да аман, сіздің ауыл да аман.. – деп бәрін қарық қылды (Ж. А.).
7. Бұл отырған жұрт тегіннен-тегін жиналған жоқ-ты (Б. М.).
8. Ертеде Россиядан көшіп келгенде, Шодырдың кедей екені рас-ты (Ғ. М.).
9. «Оқимын» десе әжесі де, жеңгесі де жібермейтін еді (Ж. А.).
10. Дәмелі адамдардың бәрі де жазылды. Болыс та, бай да, молда да, ақсақал да, мырза да аталды (Ж. А.).
11. Сенде бөтен ниет болады деп мен де ойлаған емен. Әуелі құдай, құдайдан соңғы жақыным да, досым да сен деп білем (Ж. А.).
12. Қарабас белдігін шешіп, кішкене орнығыңқырап отыра бастап еді, Абай үйдің шырайын одан бұрын біліп бел шешкен жоқ-ты (М. Ә.).
13. – Жол жора мені тапса, мен жаман да болса бір ән тауып көрейін – деп, үй ішін ырза қып күлдірді де, домбырасын ширақ тартып, күйлеп алды (М. Ә.).

14. Ауылдың екінші шегі мен мал жірілетін орта тұсында отырған оңшең қоңыр үй (М. Ә.).
15. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығыс ұлы! (Б.Б.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. 53-55 бб.
2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. 55-70 бб.
3. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. 60-65 бб.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. -361-378 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. 64-67 бб.
2. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. 111-117 бб.
3. С.Хасенова, Т.Әбдіғалиева, Қ.Қасапбекова, Б.Шалабаев. Кестелі грамматика. – Алматы, 1995. – 140-147 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ОДАҒАЙЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1-жаттығу. *Одағайларды тауып, жазылуына түсінік беріңіз.*

1. Пай-пай, Әзірет Әлінің дүлділіндей-ақ бар екен.
2. Тәйт! – деп жұлып алды да, босағаға бір-ақ соқты (Ғ.М.).
3. «Жалған намыс қасиет емес, ер сақтаған қасиет деді-ау Абай, ақылғыңнан айналайын!» - деді (М.Ә.).
4. «Ауқау-ауқау» деген әйел даусы атам заманғы молдалардың кешкі азанын еске түсіргендей болды (Б.М.).
5. Ысқыра соққан желмен бірге ойбайын сала жүгіре берді (І.Е.).
6. Жә, жә! Құдай жолымен шарифатты үйреткен, әкендей молданы былай қойып, жаман-жәутік тілмашты мақтаған неменең? (М.Ә.).
7. Тәубе! Тәубе! Күпірлік екен айтқаным... түф, түф, түф, - деп түкірген белгі етті (М.Ә.).
8. Осы кезде Абай мен анасының құлағына ерекше бір жат, суық үн естілді. Біреу: - Ойбай, бауре-ем! Ойбай, бауре-ем, - деп ат қойып келе жатыр (М.Ә.).
9. Япыр-ау, бүгінгі техника қалай-қалай дамып бара жатыр-ей? (Ғ.М.).
10. Қап, қапы қалдық, мұнысын білгенде басқаша әдіске салар едік! (М.Ә.).

2-жаттығу. *Көп нүктенің орнына төмендегі одағайларды тиісінше қойып, жазылу емлесін түсіндіріңіз: әттең, түһ, мәссаған, құрау-құрау, пай-пай, тәйт, ә-ә, бәрекелді, уһ, жә.*

1. Одан бері де жыл сайын келуіме қарсы бірде қасқа жорға ат, бірде құлагер ат, ... , бірде ақ жал атты жаратып қойып жүрді-ау! (М.Ә.).
2. ..., жаным жаңа кірді гой, Мұхаметжан «өзім шығардым» деп сала ма деп зәрем жоқ еді! – деді (М.Ә.).
3. ..., ауа қандай жақсы еді, көкірегім кеңіп қалды гой! (Е.М.).
4. ..., солай дедің бе... Жеттің бе соған?! – деп Құнанбай Әмір мен Абай екеуіне қатар бір ғана шұғыл, қатал кек ойлады (М.Ә.).
5. ..., сол да сөз боп па? Сен өткен жолы Айдардың сөйлегенін көрмепсің (Х.Е.).
6. ...! – деп жұлып алды да, босағаға бір-ақ соқты (Ғ.М.).
7. ..., дариға-ай! Мынадай арманды айтқызыған қыздың мұңы бар дейсіз бе? – деп қана, ол кештегі сөзін тамам етті (М.Ә.).
8. Жауға жалынба, досқа тарылма деп жатыр гой! ...! – деді.

9. ..., бұл алтынның көзі қайда, кіндігі қайда жатыр бұл? – деп Базардан сұрады (М.Ә.).
10. ... деп қалың жылқыны екі рет айналып шықты (Ш.А.).

3-жаттығу. Одағайларды тауып, тыныс белгілерін қойыңыз.

1. – Ой жындандың ба? Өлтірдің ғой! – деп біреу нығынан тартты (Б.М.).
2. Моһ Моһ – деп кешкі тымық даланы басына көтерді (М.Ә.).
3. Пай пай қандай жарасымды (О.Б.).
4. – Қап мынаны қайтсем екен? – деп Нартай қасындағы жігіттерге қарады (Қ.Ж.).
5. – Әй Айкүміс-ай адамның ойындағысын айтқызбай табасың-ау (З.А.).
6. – О өттеген-ай Мынау Алуаның дауысы ғой, - деді біреу (Ә.Н.). 6. – Астапыралла – бүркіт өз қолын бүріп алғандай Байғабылдың жан даусы шықты (З.А.).
7. – Уай пәле Міне ән Кейбірі Уай пәле – деп сүйсініп көтеріп қойды (З.А.).
8. – Уа алыс жерден келген кісі екенсің, мүмкін болса айтатын арызым бар, - деді Дайрабай өкілге (Б.М.).
9. – Е болыс ауылы осы болса, ендеше құдай берді, жігіттер (І.Ж.).
10. – Тәйт ауыздарыңа не болсаңдаршы! Шіркін бала болып кетесіңдер ме? Сондай сөзді Сырымталға салатын жер осы ма екен? – деп кейін қалды ((Б.М.).

4-жаттығу. Мәтіннен одағай сөздерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолын түсіндіріңіз.

- Омай, шіркін, о несі екен! «Жігітім» деп, «қара қазақтың асылы» деп. О немесі, Абайдың энеу біреу қырыққан серкеш борбайлаған солдат баласы ма, бетім-ау! Мағашымнан он айналса болар! Лузынан суы тамған ақ жүзді айтым, Мағашымнан. Бәлем, Дәрмен күндердің күні болса ма? Сені ме? Жеңгетай мен құда кәдесін сенен бе? Дәнекер, Дәрмен сенен сылқитып тұрып алармын. Шырылдатып тұрып, борбайыңнан сүйреп, отқа да, суға да салармын, бәлем! – деген (М. Ә.).

- Ойпыр-ай, Үсен-ай, сенің орысшаңның ударениесі орысшаны отызға кеп оқыған менікінен де жаман ғой. Әуелі мұсылманша оқимын деп орысша тілге Асан екеуің бастыға алмай келесің-ау, ә!? – деді. Енді оқытқанын қойды да Үсенге: «Жә, сол «Есек пен бұлбұл»

не қыпты өзі, әңгімесін айтып берші», - деді. Үсен тіпті ол мысалдың бірталай сөзін әлі түсінбепті де, басняның мағынасын білмейді екен. Нығмет пен Жәлел оны мазақ етіп күлгенде, Үсен қып-қызыл боп намыстанып қысылса да, Абайға «Есек пен бұлбұл» қандай шаруамен кездескенін айтып бере алмады. Абай осыдан соң: «Ойбай, Үсен, саған көмек керек екен. Қой, мен бір шара жасайын!» - деді (М. Ә.).

- Е, күйеужан, аузыңнан айналайын! Бәсе, үнемі орысшалай бермей, төрешілемей, өзімнің осындай айқын жолыма келші, тегі, - деп Өтегелді әрі құттықтағандай, әрі «бұрынғы мінездер орынсыз» деп кінәлағандай көңіл білдірді (М. Ә.). Сарьжайлау еске түскенде, Тәттімбет: «Уһ! Па, шіркін-ай!» - деп сүйсіне күрсінді. Оның тіршілік қызығын армансыз кешкен жері – Сарьжайлау. Өмір бақи арылмас қайғы-қасіретке, ішқұсталыққа душар еткен де сол Сарьжайлау (Т.Ә.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -55-б.
2. Қазақ алфавиті мен орфографиясының ережелері. – Алматы, 1957. - 36-43 бб.
3. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. -30-49 бб.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. -378-382
5. Уалиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері – Алматы, 2008. -71-75 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. -67-70 бб.
2. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. -117-119 бб.
3. С.Хасенова, Т.Әбдіғалиева, Қ.Қасаңбекова, Б.Шалабаев. Кестелі грамматика. – Алматы, 1995. -150-151 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: БАС ӘРІПТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1-жаттығу. *Бас әріппен жазылуға тиісті сөздерді тауып, теріп жазып, жазылу емлесін түсіндіріңіз. Үлгі: Сарыарқа – жер атауы болғандықтан бас әріппен жазылады, ...*

1. Сол әдет бойынша ақбұйраттың ойы-қыры бүгін құмырсқадай қыбырлаған қазақ (Ғ.М.).
2. Құжындай жайылып жатқан алты жүз қой мен қоспаннан басқа бұл өңірде қыбыр еткен тіршілік иесі көрінбейді (Т.А.).
3. Бәрімізге мәлім, нәп-тің алдында күрделі саяси және әлеуметтік міндеттер тұрды (Ғ.М.).
4. Бұл кезде алтын орданың елу мың қосындарын басқарып айдауға жәрдемге келген беркенжар кенет қатты сырқаттанып қалған (І.Е.).
5. Желкесінен басталып иығына дейін созылған сирек қылшық көкдауылдың атақты бір тұқымнан екенін көрсетеді (Ғ.М.).
6. Бірақ көксерек әлі күнге еш уақытта қыңқ етіп ауырсынған дыбысын шығарған жоқ (М.Ә.).
7. Ақынның отандастары оның есімін юнеско-ның құрметті тізімінен көргісі келеді («СҚ»).
8. Тянь-шань тауының ең шұрайлы, сұлу табиғатты жайылымы да жәрмеңке қызығына ерекше сән қосқан («ҚӘ»).
9. Ғайша ас үйде беті-қолын жуып отыр еді, қойшы бала келіп: - апа, сен не білдің, менің саған бір сөз айтқым келіп тұр, - деді (С.К.).
10. Балалар оқудан тарағаннан кейін, мен мектепте қалып Крыловтың «көлбақа» деген мысалын аудардым (С.К.).

2-жаттығу. *Бас әріппен жазылған сөздерді төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:*

Адам есімі	Географиялық атаулар	Мал, ит, құс атаулары	Кітап, газет, журнал аттары	Төл сөз және цитаттар	Бас әріптерден қысқартылған сөздер
Айсұл у, ...	Қарағанды, ...	Бөрібасар, ...	«Жұлдыз» журналы, ...	Абай: «Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы» деген.	БҰҰ, ...

1. Ораз-Мұхамед өзен бойына көз салып еді, қақты арғы жақ қапталдан қоршалаған, тізбектеле созылған жиырма шақты жігіт те оңтайлы жерге шығып қалыпты (М.М.).
2. – «Иә, жігіттің әкесі өлсе не болар», - дегенде Жиренше шешен: «Жігіттің әкесі өлсе асқар тауының құлаганы!» - депті (Х.Е.).
3. Түркістаннан шығысқа қарай Талас пен Арыстың арасындағы хан ордасына шектес Боралдай өзенінің бойында Қаратай сілемін етектей қалың Қыпшақпен көршілес Жомарт батырдың жері жатыр (С.С.).
4. Ақсақ Темір ұрпағы мен Шағатай ұлысының хандары бабалары өлгеннен бері жан аямас қас-тын (І.Е.).
5. Ал екінші кітабыңыз – «Москва үшін шайқас» Момышұлы батальонының бес күн, бес түн жүріп, қоршауды жарып шығып, Волоколамск қаласын революциялық әнмен сілкіндіре өтіп бара жатқан кезінен басталды (Ә.Н.).
6. Баян Тұлпаркөгіні тебініп қап, қоршауда тұрған қыз-келіншекті бір шолып өтті (І.Е.).
7. «Арай» журналы – жаңа күннің, жаңа тыныстың жаршысы («Арай»).
8. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде, бір күні таңертең ойда жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті (М.Ә.).
9. Бірнеше күннен кейін Алматыда кезекті ХІХ Бүкілодақтық кинофестиваль өз жұмысын бастады («ҚӘ»).
10. Әзірше ТМД мемлекеттерінің басшылары бір-біріне жер жөнінде талаптар қойып отырған жоқ («Ана тілі»).

3-жаттығу. Мәтіннен бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазып, алардың жазылу емлесін түсіндіріңіз.

І. Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманның оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар...

Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жыт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна су, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөл. Марқакөлді алқалаған ақ ауылды Алтай елі. Алтай жазы тау еркесі

кнiк болып өзге елдерден биiк болып, Марқакөлдің самалында сайран етiп жатқаны.

II. 1. Оның артынан Ақбалаға екi-үш жолығып сөйлестiм.

2. Шәмшидің қыз ибасын төрт кiсi сұрап, соның қайсысына берудi қара бәйбiше көксаумен ақылдасып отыр едi.

3. Бiр ретi келгенде Күнiкей орамалын Байманға тастады.

4. Күнiкей ақырын сыңсыған даусымен «Бiсматты» айтты.

5. Ордабай аулы бес ту бие, жиырма қой сойып, Өлеңтi жоны бойындағы елдi түгел шақырып, той қылды.

6. Ақбiлек көрген-бiлгенiн Балташқа айтып келедi.

7. Өлеңтi мен Шiдертi – қатар аққан өзен.

8. Артынан Мұсатай да шауып келедi.

9. Алтай. Тау iшiнде бiр белден бiр белге созылып жатқан шананың iзi.

10. Ертіс. Ертіс жүзінде су сызып, ақ пароход келедi (Ж.А.).

4-жаттығу. *Төменде берілген сөйлемдерден қате жазылған сөздерді теріп жазыңыз, дұрыс жазылуын түсіндіріңіз.*

1. Ол кезде мағзұмның отары көкөзек жайлауында болатын (Ж.Ж.).

2. Қарт шопанның үлкен ұлы болатхан мектеп бітіргеннен кейін әкесінің қасында қлып, қолғабыс етуде (Ж.Ж.).

3. Түс ауа олар отарды қарасордың шетіндегі ащыға құлатты (Ж.Ж.).

4. Қазақ ойындарының барлығын да ойнаушы еді. Әсіресе, «тоғыз құмалақ» қыста үлкен ақсақалдарды шақырып алып ойнайтын (М.О.).

5. Бiр күнi көкбай ақын екi ертегiнi дастан ғып: бiрiн «Жұмбақ қыз», бiрiн «торы шолақ байтал» өлеңiмен жатқа айтып бердi (М.С.).

6. Әкем оны қолма қол: «Бiрiн «ғадiл патша», бiрiн «арунрашит патша хикаясы» деген дұрыс, екi патша да әдiл еңбек еткен екен», - дедi (М.К.).

7. Алматыға жүрер алдында қыз жiбек операсындағы бекежен ролiн сомдауға даярлық жасадым (А.Қ.).

8. Жергiлiктi жазушы сұлтан төкейұлының «арқалық батыр» спектаклiндегi жалпы көрiнiстен кейiн-ақ аманжол шәмкеновтің «майор майданов» атты спектаклiндегi басты рольдердiң бiрi – қамбарды сомдадым (А.Қ.).

9. Соғыстан кеудесiне қызыл жұлдыз орденiн тағып, аяқ-қолы балғадай болып, аман оралған ұлына қуана қараған әкесi марқұм ауылдастары жиналып отырғанда: - Балам, неше неміс өлтiрдiң, айта отырсаңшы? – деп арқасын жастыққа тiреген (Қ.Ә.).

10. Қазақстан тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерімен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық пен достықты нығайту ниетіне негізделген салмақты да жауапты саясат жүргізіп отыр («ЕҚ»).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -55-62 бб.
2. Қазақ алфавиті мен орфографиясының ережелері. – Алматы, 1957. -77-81 бб.
3. Оралбаева Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. -50-56 бб.
4. Уалиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері – Алматы, 2008. -76-79 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. -71-75 бб.
2. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1992. -117-119 бб.
3. Хасенова С., Әбдіғалиева Т., Қасаңбекова Қ., Шалабаев Б. Кестелі грамматика. – Алматы, 1995. -150-151 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: СӨЙЛЕМ СОҢЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР

1-жаттығу. *Сөйлем соңына қойылған тыныс белгілерге назар аударыңыз. Қойылу себебін түсіндіріңіз.*

1. Есентайлар қайта келгенде байдың қорасы жан-жаққа бұлан-талан кісі жүгіртіп, асығыс әрекетке кірісіп, әлекке түсті (М.Ә.).
2. – Тірімісің? Қайдан, жер астынан шықтың ба? Мына бас кесер казактардың бірі турап тастады ма деп үш күннен бері ойлағаным сен. Қай жаққа зым-зия болдың, шырағым-ау?
3. – Сен сұрама, мен айтпайын қайда болғанымды. Дантениң жазған жаһаннамы ұжмақ сияқты менің түскен жеріммен салыстырғанда. Бүгінгі арқасынан таспа алғандарды ойласам, денем түршігеді, тфу, малғұндар-ай... қағынған заманның қара қасқа әміршілері!.. – деді ол (Х.Е.).
4. Әлде қадірім түсе бастағаны ма екен? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын ғой ондайды өзім анықтап алушы едім (ҚМ.).
5. – Мен білмеймін, балаңның несі бар, несі жоқ екенін өзің білмеймісің, ретіне қарай ала бер, қалада не бар, не жоқ екенін мен қайдан білейін, - деп Айсұлу жаратпаған адамның қалпын көрсетті (С.К.).
6. Озып келем, жеткізбей келем деген сезім қандай мақтаныш! (Ә.Т.).
7. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдерінің екі түрі бар: 1) Синтетикалық тәсіл. 2) Аналитикалық тәсіл.
8. Шыңғыс... Біздің алып Шыңғыс ше?.. (М.Ә.).
9. Сол қалпында ол солқылдап жылап кеп жатар ма еді, қайтер еді, егер әлдекімнің зілдей ауыр адыммен үйге кіріп келе жатқан дыбысы естілмесе (С.М.).
10. Қап, қапы қалдық, мұнысын білгенде басқаша әдіске салар едік! (С.М.).

2-жаттығу. *Сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерді қойып, қойылу себебін түсіндіріңіз.*

1. Кешегі күнге дейін өздеріндей көп көнбістің бірі көрінетін Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр, жаңа бір күш жалыны бар (Ғ.М.)
2. А.Байтұрсынұлы салалас құрмалас сөйлемдерді компоненттерінің мағыналық қатынастарына қарай бес түрге бөлген. Олар:
 1. Жайылыңқы

2. Қайырынқы
3. Айырынқы
4. Сұйылыңқы
5. Қойылыңқы (Т.Қ.).
3. Сейтқамал лавкасы мен Мұсақай алыпсатарлардың шай-қанты мен кой-ешкісі қанша қымбаттарын кім білсін (Ғ.М.)
4. Әлгі түйені алғысы келгенде дүниекорлығы ұстады дейсіз бе (Ш.М.)
5. Хабаршы бүгін келе ме, ертең келе ме деп бұлар аттарын сайлап, киім-кешегін ыңғайлап дайын отыр (З.А.)
6. Қайырлы болсын Сен екеуміз бұл жайдың қанша бейнет, сергелденмен салынғанын білгеміз жоқ (М.Ә.).
7. Жетем деп жете алмай қалған, көремін деп көре алмай опынған, арманда кеткен пақырлардың жасы ма, бәлкім (Д.Д.).
8. – Паһ Паһ Түлеп тұрған екен Жарықтық, несін айтасың, осы жерді құшырлана іскер ме еді (Ә.Н.).
9. Қазақ тіл білімінде І.Кенесбаев фразеологизмдерді танып білудің басты үш белгісін көрсетеді, олар:
 - 1) қолдану тиянақтылығы
 - 2) мағына тұтастығы
 - 3) тіркес тиянақтылығы (Ғ.С.)
10. Жұлқына ұмтылып келе жатқан жау мың ба, миллион ба, кім білсін - әйтеуір құжынаған құмырсқадай сансыз екенін көрген Мәншүк оқ таусылғанда қобалжыған жүрегін тез қалпына түсіріп, дiрiлдеген денесiн тез жинай қойды (С.М.)

3-жаттығу. Төменде берілген хабарлы сөйлемдерді сұраулы, лепті сөйлемдерге айналдырып тиісті тыныс белгілерін қойыңыз. Үлгі: *Жұрт қошеметтей шулап, мадақтап жатыр.* - *Жұрт қошеметтей шулап, мадақтап жатыр ма?*

1. Жұрт қошеметтей шулап, мадақтап жатыр (М.М.).
2. Жүрегі сыздап ауырып қоя берді (С.С.).
3. Дүркірей шауып шыққан салт аттылар өткінші жаңбырдай сіркірей бере тоқтасып қалды (Ғ.М.).
4. Әкесінің жау қолынан жазым болғанын Әмір әлі естіген жоқ-ты (Х.Е.).
5. Даланың меңіреу үнсіздігіне Айгүл бала жасынан үйренген (Ғ.М.).
6. Есеней сөзін Шыңғысқа бұрыла қарап отырып бастады (Ғ.М.).
7. Кім айыпты екеніне әлі көзім жете қойған жоқ (Ғ.М.).

8. Қасында төрт-бес батыры бар Есенеі араласқан топтар жауын оңай жапырып тастап жүрді (Ғ.М.).
9. Мен енді ешкімге қолжаулық бола алмаймын (Х.Е.).
10. Желсіз күннің ыстықтығы жер дүниені қуартқан ыстық емес, маужыратқан, балбыратқан ыстық (С.С.).
11. Сол сырына Абай бар жүрегімен, бар қиял сезімімен шомған болатын (М.Ә.).
12. Көктем тіршіліктің желпініп, желкілден өсер бастауы ғой (С.С.).
13. Сол сырына Абай бар жүрегімен, бар қиял сезімімен шомған болатын (М.Ә.).
14. Өткен істің өкініші өзегін тілгіледі (Ш.М.).
15. Кешегі өліараның жауын-шашынында мұндағы биік көл маңында кәдімгідей боран соғыпты (Ж.Б.).

4-жаттығу. Сөйлем соңына қате қойылған тыныс белгілерін тауып, дұрыс қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Баққұмарлықты құртудың жолы - өнерлі мен өнерсіздің, білікті мен біліксіздің, парықты мен парықсыздың ара-жігін айыра білу! (Ә.К.).
2. Қазақ даласында мен білетін екі-ақ өнеге бар: Шоқан мен Абай! (Ғ.М.).
3. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездеспей деп жіберіп еді... Айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен? (Ғ.М.).
4. Біз, балалар, ертеңді-кеш қозы қайырысып, шешелерімізге сауылатын қойларды қосақтатқаннан кейін-ақ зытып отырып ауылдың сыртындағы тас қораға тартамыз! (С.М.).
5. – Шіркіндер, бір айқасқа да жарамады. Тым құрыса, алқымына пышақ тақаған лақ құрлы тұяқ серпуге жарамады-ау, – деді Кәлен, жаныңда бүгіндікке жұмған аузын ашпай келе жатқан қарт балықшыға көз қиығын қысқалай тастап (Ә.Н.).
6. – Өй, Өтегелді-ау, жер астынан шықтың ба, жаным-ау! Сиқырың бар ма. Мүлде көрінбейсің ғой. – деді (М.Ә.).
7. Осы сәтте, бұл ұзақ бейнетті ауыр шақтарда, дүние деген бір-ақ уыс (М.Ә.).
8. – Мен ешкімнің қалай саналуымен есептесіп көрген де емеспін, есептесе алмаймын да... Жұмысыңды айт, әйел? – деді тақаптар Темір (Ғ.М.).

9. Күн бесіндікке келген кезде Көркемтайдың ауылы астан-кестен болды: кемсеңдеп кемпір-шал жылады, қанын тартып сұрланып сең соққан балықтай мең-зең болып жастар тұрды (Б.М.).
10. Анау Төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын... (М.Ә.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -64-70 бб.
2. Сыздықова Р., Неталнева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -23-30 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -13-17 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. 17-34 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. 17-33 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШТЫҢ АРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША

1-жаттығу. *Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылған сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңіз. Үлгі: Артықбай – оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған кәрі жолдасы, батыр адам деген сөйлемде бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы зат есімдерден болғандықтан сызықша қойылған.*

1. Артықбай – оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған кәрі жолдасы, батыр адам (F.M.).
2. Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық (F.M.).
3. Бұл – Артықбай батырдың қызы Ұлпан (F.M.).
4. Есней – аға сұлтан кеңесінің ең беделді биі (F.M.).
5. Хаңдық жойылып, аға сұлтан басқаратын дуан ашылғалы Сібір губернаторларының мазасын алған – Кенесары бұлталағы (F.M.).
6. Мына, осы елдің барлығының жиылып келген сөзі – осы сөз (M.Ә.).
7. Жаугершіліктен, ұрлықтан қолға түскен аялдарды әуелі көгендеп алып қорлау – қорлаудың да ауыр түрі (F.M.).
8. Қарияның бірі – аласа бойлы, арық денелі Жақсылық қой (C.M.).
9. Хакімдер – бұл жолда көп жетістіктерге жетіп, белгілі бір дәрежеге көтерілгендер (M.Ә.).
10. Әйелдердің біреуі – сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, екіншісі – қырықтың шамасындағы әйел, үшіншісі – он үш жастағы қыз (M.Ә.).
11. Бұл уақытта ойлап отырғаны - өтіп кеткен күн емес, алдында келе жатқан күннің жайы (M.Ә.).
12. Қырық – екіге бөлінеді.
13. Алғыр құстардың ішінде ілуде біреуі ғана болмаса, бабын тауып қайыра алмайтыны – ителгі деседі (C.M.).
14. «Қара торғай» әнінен кейін Асқарды тұнжыратқан – жігіт пен қыздың тағдыры қалай шешілгендігі емес, сол арада есіне Ботакөз түскендік (C.M.).
15. Ойы – тезірек Дөңқараның бергі түбегіне жету (T.A.).

2-жаттығу. *Сөйлемдерден бастауыш пен баяндауышты тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз. Бастауыш пен баяндауыштың арасына тиісінше сызықша белгісін қойыңыз.*

1. Қалың рудың мол жиылған ортасы Қарқара (М.Ә.).
2. Әке жүрегіне әулиедей қадірлі көрінетін ең қасиетті аруақ Бөкей аруағы (М.Ә.).
3. Мынау кезі келген, жақсы оралған көңілдегі арманды жақсылықтың бірі (М.Ә.).
4. Ана әйелдің біреуі келіні, біреуі сол келіннен туған немере қызы (М.Ә.).
5. Қанағатсыздықтың арты тойымсыздық (М.Ә.).
6. Ол Есенеидің қарын бөлесі Тұрлыбек Көшенұлы, алты дуан үстінен қарайтын үлкен төре (Ғ.М.).
7. Өтпес жар бойға қорлық.
8. Аға өлсе іні мұрасы, іні өлсе аға мұрасы.
9. Ол Қарагөз, мен Сырым (М.Ә.).
10. Маған дұшпан тоқал емес, Төлеш екен ғой (М.Ә.).
11. Қос Шалқар қос босағаға орнатқан күміс бағана тәрізді екі көл (Ғ.М.).
12. Адал еңбегімен, орнықты мінезімен көзге түскен жігіттерді бағалап отыру адамшылық борышымыз (Қ.Ж.).
13. Алыстан сәлем беріп Құнанбайдың алдына тақап келген бұл екеуінің біреуі сақалына бурыл кірген Дәркембай (М.Ә.).
14. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі надандық, екінші еріншектік, үшінші зұлымдық деп білерсің (Абай).
15. Жиырма беске қалдықсыз бөлінеді.

3-жаттығу. *Сөйлемдерден бастауыш пен баяндауышты тауып, қате қойылған не қойылуға тиіс жерге қойылмаған сызықшаны анықтаңыз. Сызықшаның қойылу, қойылмау себебін түсіндіріңіз.*

1. Менің ойлайтыным бейбіт отырған ел адамдарының өмірі, науат болып жатқан адам еңбегі (Ғ.М.).
2. Ұла – биыл жетіде (Б.М.).
3. Осы бай үйдің барлық арқан-жібін, ноқтасын, желісін, тізгін-шылбырын қысы-жазы есетін, тынымсыз қарт – Иіс еді (М.Ә.).
4. Ар жазасы бар жазадан ауыр жаза (М.Ә.).
5. Бүгін де күз аспаны – күңгірт, айнымалы ала бұлт болатын (М.Ә.).
6. Қазір де бурыл түсі – момындыққа бейім, жылы шырайлы (М.Ә.).

7. Бұл басқа қазақтың төрінде тұратын, күмістеткен ер-тұрмаңдары мен кәмшат бөрік, түлкі тымақтарын араластыра ілетін мақтаныштары (Ғ.М.).
8. Олар – Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптары (С.М.).
9. Көшіп келе жатқан Абай ауылы мен көрші ауылдар (М.Ә.).
10. Бақытты елге мен бала, бақытты елге сен ана... (А.Т.).
11. Ал сол «шон» деген сөздің түп төркіні – мен білсем, қазақ сөзі емес (М.Ә.).
12. Бірі композициялық жүйедегі пейзаж қызметінің аса зорлығы, екіншісі диалог формасын пьеса үлгісіндегідей сөйлеуші есімдерін түгел сақтай отырып алу.
13. Мен – енді анамын (Ғ.М.).
14. Келіп түскен ауыл – қай ауыл?
15. Маңы ығы-жығы адам (Б.Т.).

4-жаттығу. *Бастауыш пен баяндауыштың жасалу жолын анықтаңыз. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны жалған сызықшаның қойылу жолын түсіндіріңіз. Үлгі: Адам өмірінің биік шыңы – жастық деген сөйлемде бастауыш тәуелдік формада, атау тұлғалы зат есімнен жасалған, баяндауыш та атау тұлғалы зат есімнен жасалған, сондықтан сызықша қойылады.*

1. Адам өмірінің биік шың... – жастық (Гете).
2. Біздің өміріміздің өз... – қуаныш (С.Е.).
3. Алшынбай аулының Құнанбайға тартқан күмісінің ат... – тайтұяқ (М.Ә.).
4. Қорабай шалдың кәсіп – темір соқ...
5. Менің қазіргі минуттағы арман... – осы хатты Сағитқа тапсыр...
6. Көпір – біткен соғыс тұмсығының қатты қадалатын жер... (Ғ.М.).
7. Көргеннен, білгеннен аспа..., барды қанағат қыл..., жокты іздеме... – ой мешеулік... (Ғ.Мұст.).
8. Жүргіншілердің бұл кезде келіп тірелген жер... – Маман тауының желке тұс... (М.Ә.).
9. Соғыстың басшылар... – Жігітек пен Құнанбай жақ... (М.Ә.).
10. Барыс – жабайы мысық тұқымдастарының ішіндегі ең ірісінің бірі. Бұл – дүние жүзінде сирек кездесетін аң. Барыс – тұқымын көбейтуді, зерттеуді қажет ететін хайуанат. Барыс – тау тұрғын... Олар – арқар мен таутекелерді азық ететін аң.
11. Ер дәулет... – еңбек.
12. Бірлікті бұз... – жаманның іс...

13. Еменнің иіл... – сын... 14. Ер қару... – бес қару. 15. Ынтымақ – бұзылмайтын қорған.

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -70-76 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -30-34 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -24-28 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48, 52-57 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. -36-41 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. 34-45 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ҚАРАТПА, ҚЫСТЫРМА, ОДАҒАЙ СӨЗДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1-жаттығу. Сөйлемдерден қаратпа сөздерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз. Үлгі: – Сүтеке, не білдің? Балуанды бұлар неге қолқалап кетті? – деп көпшілік сұрады. – сөйлемдегі қаратпа сөз – Сүтеке, сөйлемнің басында келгендіктен одан кейін үтір белгісі қойылған.

1. – Сүтеке, не білдің? Балуанды бұлар неге қолқалап кетті? – деп көпшілік сұрады (С.М.).
2. – Кешікпей қайт, балам, көп шапсаң, тайың ақсап қалар, – деп Баймырза үйіне жөнелді (С.М.).
3. – Қоя тұршы, қалқам! – деп Қалампыр Баймырзаға зекіп тастады (С.М.).
4. – Қарағөз! Сені мендей шермендені қазақ баласы білмеген-көрмеген де болар (М.Ә.).
5. – Уа, бозбалалар! Түстерің бұзылып, жүректерің алқынған көрінесіңдер (Ж.А.).
6. – Е-е, ұзатып келетіні бекер ме еді? Соны ғана айтам, ортағым Лала (М.Ә.).
7. – Айдарлым-ау, жап-жас боп аяуды қайдан білесің? (Ж.А.).
8. Айналайын ағайын! Мынау Алтай өңірінде менің табаным тимеген, түкірігім түспеген жер қалмады (Ғ.К.).
9. – Ей, ақылсыздар, ол көкек сендер үшін емес, менің үшін шақырған екен! (Ы.А.).
10. – Жүзден жиырмасы кем аулының жігіттері, далаға шығындар!.. Қатындарың қарға батып жатыр, – деді Байшегір шеткі барактың есігін кең ашып тұрып айғайлап (Ғ.М.).
11. Бар мінезі байының ыңғайынан шығып отыратын Айғанша да жайраң қағып: – Сері қайным, бері кел. Құр қорқатынымыз болмаса, бейпіл сөзіңді естіген емеспіз... Дәм үстіне дәл келдің... Өз қасыма келші! – деп, өзінен жоғары, Игіліктен төмен орын көрсетті (Ғ.М.).
12. – Рас-ау, Абай аға, тағы бір байқағанды айтайын ба? (М.Ә.).
13. – Сізді құттықтауға болар ма екен, жолдас капитан? (Ә.Ә.).
14. – Асыл қайным-ай, жанымыз жабырқап, жүдеу тартып жүрген кезімізде әнінмен, сәнінмен келіп, ағаң екеуімізді бір сергітіп кеттің-ау... Қайда жүрсең, аман бол, айналайын, жолдасың қыдыр болсын, – деп, қолтығынан демеп атқа қондырды (Қ.Ж.).
15. – Ойпырмай, қалқам Абай-ай, қиын болмаса игі еді (М.Ә.).

2-жаттығу. Сөйлемдерден қыстырма сөздерді теріп жазып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. - Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой, - деп шаттанысты жүздеген қарттар (С.М.).
2. - Сеніңіз, расын айтқанда, сіздің өмірлік досыңыз болғым келеді... (С.М.).
3. - Сізді жасыра алатын дүние жоғына кезіңіз жеткен шығар, тегі (С.М.).
4. - Жаңылмасам, естуімше, гашығыңыздың аты Ғалия болу керек? (С.М.).
5. Мен, әрине, ол арадан кетіп қалам. Себебі, біріншіден, Мұстафаның өлі ағасына бауырмалдық сөздер айтып зарлану тұла бойымды түршіктіреді, екіншіден, қаптауы және жабулы көбейе түскен масалар бір орында тұруға шыдатпайды (С.М.).
6. Бақыттың орталарына ала қолынан жетектеген, әлденеге сақылдап күлген Бәтес және біреу (әрине, ері – Ақпан!) алдымыздан шыға келді (С.М.).
7. Сонымен, тағы да ойланып отырды да, енді бір шыншыл қызмен, көз жанары ұшқындай түсіп тағы біраз сөз қосты... (М.Ә.).
8. Осымен қатар, Әбіштің байқауынша, кейде Абайды бір мазасыз ойлар алаң етіп толқытқандай болады (М.Ә.).
9. Шынына қалғанда, екеуімізде де ойнап күлгеннен басқа ескі сөзді, уәдені қозғайтын ой жоқ еді (Б.М.).
10. Ақталу үшін емес, әділет үшін шындығын айтам, бірінші, мұның бәрі бұл күнге дейін бүркеліп келіп (дұрысырақ айтқанда, жарыққа шығуға бата алмай келіп), бүгін ғана бұйрық ретінде жарияланды (Ғ.М.).
11. Қарттардың айтуына қарағанда, Арал осы жарқабақтан желініп, батыс жағынан ілгері қарай қусырылып, жыл сайын тарылып келе жатыр (С.М.).
12. Бұл сөздерді Кәкітай сүйсіне тыңдады. – Ақыл аға! Осы айтқаныңыз, мен білсем, талай хакім, ойшылдардың да сан кітаптарында осылайша қойған сауалы сияқты. Олай болса, әділет те, зұлмат дегеніміз де әр заманда әр түрлі өзгерсе керек еді. Осының бәрі рас болса, онда, кім біледі, Кеңгірбай заманында Кебектерді өлтіру тіпті зұлымдық емес те шығар. Бәлкі, сол заманның өз хақиқаты, өзінше ғаділеті сол жазаның өзін шафқатым деп білген шығар. Бұған не айтар едіңіздер?! – деп Мағашқа қарады (М.Ә.).

3-жаттығу. Сөйлемдерден одағай сөздерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Пай-пай! Түлеп-ақ тұр екен! (Ә.Н.).
2. Әп, бәрекелді! Онда мына Мұқатайды бір жолға маған тастап кет (Ғ.М.).
3. – Жә, бұл алтынның көзі қайда жатыр бұл? – деп Базардан сұрады (М.Ә.).
4. Япыр-ау, бүгінгі техника қалай-қалай дамып бара жатыр-ей? (Ғ.М.).
5. Қызыл алма қолында, Қыздар мұның соңында!.. Әлди-әлди, әлди-ай! Әлди, бөпем, қалғы жай! (Асыл сөз).
6. – Пай, екеуі бүгін қырбай боп қалды деп еді, қақтығып қалмаса игі еді, - деді (М.Ә.).
7. Астапыралла! Астапыралла! Өтірік! Өтірік! Мына сиқыммен менің кімге әлім келеді? (Ғ.М.).
8. Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіндер... Риза, қош боп аттаныңдар! – деді (М.Ә.).
9. Одан бәрі де жыл сайын келуіме қарсы бірде қасқа жорға ат, бірде құлагер ат, пай-пай, бірде ақ жал атты жаратып қойып жүрді-ау! (М.Ә.).
10. Уһ, жаным жаңа кірді ғой, Мұхаметжан «өзім шығардым» деп сала ма деп зәрем жоқ еді! – деді (М.Ә.).
11. - Әй! – деді Бәйтен, кетіп баратқан сушыға, - быдан былай су мезгілінде келмесе, осы Қарағандыда не сен тұрасың, не мен тұрамын (Ғ.М.).
12. – Әй, апарып бер мынаны! – деп Қалампыр үн-түнсіз далаға шығып кетті (С.М.).
13. – Алақай! Хат екен ғой, - деп Ұрқия қалжыңдап, тұмарша бүктелген кішкене қағазды алақанына басты (С.М.).
14. – Жә, жә! Құдай жолымен шаригатты үйреткен, әкендей молданы былай қойып, жаман-жәутік тілмашты мақтаған неменен? (М.Ә.).
15. Тәубе! Күпірлік екен айтқаным... түф, түф, түф, - деп түкірген белгі етті (М.Ә.).

4-жаттығу. Сөйлемдерден қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді тауып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз. Үлгі:

Қаратпа сөз	Қыстырма сөз	Одағай сөз
Құлыным, ...	Қысқасы, ...	Алақай, ...

1. – Уайымдамаңыз меніңше тұтқынға алынған туыстарыңыз босатылады (С.М.).
2. Апырау сен осы мыналарды қайдан тауып ала бересің? – дегенде, Төлеген де мырс етті (Ж.А.).
3. Қалқам құларсың, түс! – деді Қалампыр тысқа шығып (С.М.).
4. – Балқаш байқауымша жылаумен Нұржанды құтқара алмаспыз (С.М.).
5. – Әй-әй батырекесі қалай-қалай сөйлейсің?
6. Түп ауа қандай жақсы еді көкірегім кеңіп қалды ғой!.. (Е.М.).
7. – Ер жетіп, есіңді білгенде айтармын оны балам (С.М.).
8. – Уәде қылған өзін, сөзіңді жұтам десең мейлің (С.М.).
9. – Иә жолдастар Мен енді өз пікірімді айтайын, - деп, мұрнын орамалмен сүртін, төмен қарап отырып сөз бастады (Ж.А.).
10. – Япырмау қайтем енді? Қол шорқақ, тіл мақау! – дейтін (М.Ә.).
11. Енді міне артына үлкен араздық пен кешірімсіз жаулық қана қалдырды (М.Ә.).
12. Күй жүрек Көл бол жасым Өртен ішім Алдымда ойнап жатыр бөбек пішін (М.Ж.).
13. - Өттең шіркін бала шақ – деген Базаралының өз бетімен айтқан арманды тынысы дәл Абайдың ішімен сырласудан туғандай (М.Ә.).
14. Екіншіден Дәркембай мен Абылғазы қазір барлық жайды өз ауыздарынан білдіру үшін Абайға баратын болды (М.Ә.).
15. – Уай қарғысыңнан қан құссын қас дұшпаның Сорлы елім Соры қайнаған бейнетқорым өңщен Жетті, жетті зарың! Жә ес жи түге (М.Ә.).

5-жаттығу. Мәтіннен одағай сөздерге байланысты қате қойылған тыныс белгілерін тауып, дұрыс қойылу жолын түсіндіріңіз.

Қазақ «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Соған бағып, бала Мұхтардың жалғасын ақылғөй ата хақында, кейінгі жастарға әңгімелеп берсем, артық бола қоймас деймін.

Әуез ата – ескіше көп оқыған адам. Бірақ ескілікке құлай беріліп, ислам дінін уағыздап, құрғақ пәлсафа соққан кісі емес. Шыңғыс бауырындағы елге танымал кісі еді, ауылда сирек болып, көбіне қонақта жүретін. Егер шақырған үй ауыл-аймақта болса, бізді ерте барады.

Бір сапар Мұхтарды атап шақырып қалды. Кімді атаса сонымыз үйге кіретінбіз. Мұхтар киіз үйге кіріп, екі-үш кісіден өтіп тізе бүкті. Төртінші болып отырған орта жасар кісі дабырлай дауыстап:

О жоғары шық, бала, атаңның жанына бар, - деді.

Мұхтар тырп етпеді.

Әлгі қонақтаған қауға шал:

Ей – коже-еке, - деді жүзін құбыттып, - балаларың мұнша ынжық болар ма, босағада туғанына тарта ма?

Атама жалт қарадым. Жоғары шық деп ым қаға ма деген ниетпен. Алқа қотан отырған адам соған жабыла көз тастаған. Енді мен Мұхтарды тұрткілей бастадым. Елемеді.

Иегін болар-болмас көтеріп, атам жаққа қарады. Атам шөккен кеудесін тік көтеріп алып:

- Ей? апақ сақалыңмен рабайды білмейтін неткен жансың. Зиялылар айтқан үш сөз бар: «Бір адаммен жолдас болсаң аты-жөнін біл» деген. «Өзінде бар затты сыралғы жерде топқа салып, кісі сұрамаса берме. Берсең, опық жерсің» деген бар. «Кім қай жерге барса, өз орнын тауып отырсын» деген тағы бар. Олай етпесең, ығысып-ығысып төрден есікке шығып кетесің. Соны да ұқпағаның гой, - деді.

- Па – шіркін – игі жақсының сөзі-ай! (А.Ә.).

6-жаттығу. Мәтіндерден қыстырма сөздерді тауып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз.

I. Өне Бекзаттың моншасынан будак-будак түтін шықты. Екі ұрты томпайған тегі балқарағай дәнін толтырып алып, ініне тасып жүр-ау. Иен таудың ішіне пішен үйіп жүрген келіншек екі қолы жұмыста болғанымен, ойы алыста бәлкім біз түсіне бермейтін басқа-басқа, тек бір өзі ғана байыбына баратын өзге-өзгеше әлемі бар

шығар-ау. Рас жалғыз жүргенде кісінің ойына оралмайтын дүние жоқ, армандамайтын, қиял құсын құшырлана ұшырмайтын биік жоқ. Айналаңа әсіресе күн шығар жаққа қарай алмай ұяласың, көз қарығады. Кім білсін мұны қашан сұлатып салатынын (О.Б.)

- II. 1. Әй бәсе баяғыда ол неғып кеңпейіл бола қалды деп еді-ау.
2. Шамасы азаматтың азаттығы да сол басқаларға қаншалықты қажетінің барлығымен өлшенетін болса керек.
3. Сөйтсе қақ төрде атасы отыр.
4. Енді міне, өз суретіне өзі аң-таң.
5. Ие мынау ерсілі-қарсылы сапырылысып жатқан көп жұртқа оның бәрі жай әншейін өтірік әңгіме.
6. Отар-отар қой, үйір-үйір жылқы талап ететін заманнан құдайға шүкір құтылдык.
7. – Қалай, әке-шешеннің дендері сау ма?
8. Сөйтсе оның бәрі бұлар ойлағандай қысыр әңгіме емес екен.
9. Әйтеуір жиналмаған нәрсе атаулыдан баласының столында шиыршықталып бүктелген қатты қағаз қалыпты.
10. Әсіресе күзге қарай қарақұйрық ыңып кетуші еді-ау.
11. Шамасы күралайдың салқынының өтіп кеткені ғой (Ә.К.).
- III. 1. – Қайтсін жазықсыз малға жаны ашығаны да...
2. – Қысқасы Абай ағамнан мына қаралы жылда масқара болар еді ғой.
3. Міне құдайға шүкір азды-көпті алғандарыңмен сендерде қол артып отырсың.
4. Иә, рас, ащысын татып білген, ауырын арқалап білген.
5. Менің ұғуымша терең сын.
6. Яғни әуелі жақсы қазақ болып алмай, жақсы орыста бола алмайсың, яки әуелі жақсы азамат болып, өз ортаңа, халқыңа адамшылық танытпасаң, өзге елдің адамы болып та жарытпайсың деген сөз.
7. Соры ма, ырысы ма, әйтеуір тағы бір өзгешеліктері бойынша намысқор кісілер. (М.Ә)

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -76-83 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -35-42 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -29-32 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48, 64-67 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. -36-41 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. –Алматы, 1951. 46-51 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1-жаттығу. Сөйлемдерден айқындауыш мүшелерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Ұлпанның осы күнгі көңіл аулары өзінен туған жалғыз қызы – қазір онға толған Біжікен – Бибіжіхан (Ғ.М.).
2. Біз, ақындар, ақкөңіл жандармыз (Ғ.М.).
3. Олар, ұлы адамдар, өмірдің қайғысын көрген адамдар (Ғ.М.).
4. Бағана, күндіз, бұғыханадан макарон көже ішкенбіз, күн бойғы солқылдақ жүріс, таудың ылдны мен өрі соғып тастаса керек, жұмырымызда жұқ қалмаған, ішімізде жылан бардай ашқарақтанып отырмыз (О.Б.).
5. Біз, мұсылман ғаламы, бұл жағдайларды басқаша түсінеміз (М.Ә.).
6. Сырттан, ымырттың салқынынан, кіргесін етпеттеген бойы, оң қолын зордан қайырып сауырына салды (А.С.).
7. Ұлтуғанды Мұстафаның үйі, әсіресе Сілеусін, жақсы көреді (С.М.).
8. Жыл құсының адаспайтыны да сол өз жолы, құс жолы, болғандықтан (С.Ш.).
9. Әсіресе екі адамның – ата мен немеренің – қуанышы шексіз (Т.М.).
10. Сол арманын Ербол әуелі Тоғжанның жеңгесіне, Асылбектің келіншегіне, айтыпты (М.Ә.).
11. Бұл қызыл отрядқа, әсіресе Қырымұлына өте керекті оқиға болды (С.С.).
12. Әжесінің, Зеренің, артын күтетін кезде мұншама көп халық болғанын Абай өзі ұнатпаған (М.Ә.).
13. Өзім ұшырған қыраныма, Нұрланыма, жұрт жапқан жалаға мен де сеніп жүр деп қалып па ең? (Ә.Ә.).
14. Артынан, Абай ұғындырған соң, олар үндемей қалыпты (М.Ә.).
15. Өзі сері, әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызыға да, тамашалай да қараған (М.Ә.).

2-жаттығу. Берілген сөйлемдерден айқындауыш мүшелерді тауып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз. *Үлгі: Кенет оған – осы бір аңғырт өжет жанға – өз көргендігін аңғарып, майдан жағдайы туралы әріден сезгенін айтып, ұғындырғысы келді.*

1. Кенет оған осы бір аңғырт өжет жанға өз көргендігін аңғарып, майдан жағдайы туралы әріден сезгенін айтып, ұғындырғысы келді (Т.А.).

2. Дола далада қатуланған суық жүзді өгей далада бұлар тағы да ұзақ жортты (М.Ә.).
3. Ысқақтың екі баласы Кәкітай мен Ахметбек алғашқы әйелінен туған-ды (М.Ә.).
4. Шеткі ақ үйге Құдайменде болыстың үйіне ат басын туралап еңкілдеп төніп келеді (Ә.Н.).
5. Соңғы жылдарда қатты қартайған және ұзақ аурулы болған Ұлжан ана ел анасы көбінше ақырын, баяу, үнсіз өмір кешітті (М.Ә.).
6. Мәкен болса қалаға Дәрменмен алғаш кірген іңір қараңғылығынан бері сентябрьдің басындағы бұған жұмбақ кештен бері төрт ай бойында ел-жұрттан, жақын жандардан жырақта (М.Ә.).
7. Осы сәтте бұл ұзақ бейнетті ауыр шақтарда дүние деген бір-ақ уыс (М.Ә.).
8. Агажан, ақылым артық болғаннан көлгірсіп кетті деме, алды-артыңды ойлайтын тағы біз ағайының болып отырғаннан соң сөйлеймін (Х.Е.).
9. Бірақ жігіттерді ерте жатқызып, ерте оялатын отағасы Есламқұл Томаршаның немере ағасы (Ғ.М.).
10. Келесі – қой көз, ақсары жүзді, жасы жиырма бестерге жаңа келген, кимешегі сәл қиғаштау, оқшырайта киген, екі-өңірі – салпыншақ алқа, екі қолы – үзбе білезік, асыл жүзіктерге толы сұңғақ келіншек кіші шеше Көшек сұлтанның анасы Шүйім ханым (М.М.). 11. Батыстан шығысқа қарай топтанып ағылған құстар мыңдаған километр жол бойында екі рет жазғытұрым және күздігүні үлкен қырғынға ұшырады (О.В.).
12. Тек түс ауа бергенде ғана Бақанастың күнгей жақ бұталы беттерінің бірінде екі қағушы Баймағамбет пен Жиреншенің бір жігіті бір түлкіні шаттан айдап шықты (М.Ә.).
13. Командованяның осы планын октябрьдің он үшіннен бастап жүзінші бригаданың әрбір бөлімшесіндегі үгітшілер жауынгерлерге ұғындыруға кірісті, солардың бірі бірінші ротаның партия ұйымдастырушысы Мәншүк Мәметова (С.М.).

3-жаттығу. *Төменде жақпа ішінде берілген айқындауыш мүшелерді сөйлемдегі тиісті орнына қойып, тыныс белгілерін қойыңыз. Үлгі: Әнеугүні, Шүйгінсуда Жігітек үстіне баса қонған қақтығыстан бері қарай, Базаралы жағынан жамандық күткен кісінің бірі осы Әзімбай болған.*

1. Әнеугүні Базаралы жағынан жамандық күткен кісінің бірі осы Әзімбай болған (Шүйгінсуда Жігітек үстіне баса қонған қақтығыстан бері қарай) (М.Ә.).
2. Асқар көзінің астымен оған бір қарап қойды (Асанға) (М.Ә.).
3. Көптен көрмеген досы ойда жоқта кіргенде әуелі Абай қуанып қалды (аса жақсы көретін жас ақын досы) (М.Ә.).
4. Дәл осы кезде Абайға таңдатса, анау Ербол аспанда тұрғандай жоғары еді (қызыл өгізге мініп, тасқын судан Абай үшін өтіп келген Ербол) (М.Ә.).
5. Шолпанның бауырында, сол Шолпаннан тай шаптырым жерде Абайдың іні достары Лермонтовқа айрықша шұғылданып жатқан (Ақшоқыда) (М.Ә.).
6. Олар аудаңдық орталыққа автомобильмен зырлап жетіп келді (бұрынғы Танабай аулына) (С.С.).
7. Қастары қиғаш-қиғаш біткен қара кісі паң да, тәкаппар да емес (Игілік би) (Ғ.М.).
8. Ұзаққа созылып жатқан қалың таудың биік жоталарын күн сәулесі бір сәтте алтынға малғандай қып рең берді (ұшан-теңізге) (И.Б.).
9. Сол кеште көп жолдастың қоршауында келе жатып, Әмір мен Үмітей сөз қосты (жарық айлы, сыр құмар кеште) (М.Ә.).
10. Алыс жайлауға бұл өлкенің елі жете алмай қалды (Құнанбай ауылдары жеткен өріске) (М.Ә.).
11. Біз үйден шықтық (Мұстафаның ең кіші баласы Ғабас пен Шәкен, мен үшеуіміз) (С.М.).
12. Біраз жүрген соң Асан ұйықтап қалды (күндіз көп жүріп шаршаған бала).
13. Тәкежен болыс Базаралыны жамандаса да, біз болысты қостамаймыз (ел кісісі) (М.Ә.).
14. Бұдан басқа оң жақта бала уатқан Зере бар (жер төсектің үстінде) (М.Ә.).

4-жаттығу. *Төменде берілген сөйлемдерден айқындауыш мүшеге байланысты қате қойылған тыныс белгілерін тауып, дұрыс қойылу жолын түсіндіріңіз. Үлгі: Ақық шешей майданда қаза тапқан баласын, Бектайдың әкесін, есіне түсірді - сөйлемдегі Бектайдың әкесін деген айқындауыш мүше болғандықтан басқа мүшелерден үтірмен ажыратылады.*

1. Ақық шешей майданда қаза тапқан баласын, Бектайдың әкесін есіне түсірді (М.И.).
2. Қыстауға қонғалы қазіргі қалың қыстың ортасына шейін Абай Аралтөбеде – Әйгерімнің оңаша қыстауында, кітап соңында уақыт өткізетін (М.Ә.).
3. Көп күндер арғы жақта – Кәрімнің үйінде іздену үстінде өтсе де, Абайды Ербол мен Баймағанбет кейде еліктіріп, бер жаққа – Тінібек үйіне алып шығып қояды (М.Ә.).
4. Автомобильден жолаушыларша киінген, қолдарына бір-бір сары дорба ұстаған бір еркек, бір әйел, Нияз бен Маруся шыға келді (С.С.). 5. Абай соңғы кездері әсіресе осы соңғы түнде өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде (М.Ә.).
6. Ол – Әбіштің туған елінде – аулында, ешкімге айтпаған, аша алмаған сыры (М.Ә.).
7. Дал осы кезде тыста үй сыртында, дабырлап жүрген ұсақ балалар сықылығы естіліп еді (М.Ә.).
8. Ауыл сыртында, көк бетегелі ұзынша төбешіктің басында – Абай бір топ көршілерімен шығыс жаққа көптен көз салып отыр (М.Ә.).
9. Сол көштің алдында ұзақырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның жас достары – ақынның әнші серіктері (М.Ә.).
10. Биікте көз ұшында шалқар көш болып, қиулап... бір топ тырна кетті (М.Ә.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -83-86 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -42-46 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -33-35 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48, 59-57 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. -59-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. 46-51 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕР МЕН ЖАЛПЫЛАУЫШ СӨЗДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.*

1. Ішіндегі үлкені қу жақтау, қыр мұрынды, шоқша қоңыр сақалды (С.С.).
2. «Ащы мен тұшыны татқан білер, жақын мен алысты жортқан білер» дейді қазақ.
3. Аздан кейін Барыс та, Сәдір де қара үзіп көрінбей кетіп еді, Садақ бетін бұрған жоқ (Ғ.М.).
4. Үш жолаушы әзір алдағы таулармен осылайша өзгеше тың бір көзқараспен, жаңаша танумен тілдескендей боп келеді (М.Ә.).
5. Кешегі күнге дейін өздеріндегі көп көңбістің бірі көрінетін Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр, жаңа бір күш жалыны бар (Ғ.М.). 6. Бірақ аштық пен жоқшылық тірлік қамын іздетеді (М.Ә.).
7. Көптен жалғыз келе жатқан ат қалың жылқының сарынын естіп не кісінеп, не пысықырып жібермесін деп тізгінді тежеп, аңдып ұстап келеді (М.Ә.).
8. Ербол мен Абай соншалық үлкен сыншылықпен және аңшылықпен айтылған шындыққа барынша ден қойып отыр (М.Ә.).
9. Көпке дейін Абай өзінің бойындағы осы өзгерісін елемей, тек Тоғжанның жүзіне, мүсініне, әрбір қимыл, қозғалысына көз алмай телміре қараумен болатын (М.Ә.).
10. Осымен бүгінгі қазақтың дәл осы күнгі көшпелі, баянсыз, ырыссыз, надан тірлігі қазіргі көп нәсілін ықтиярсыз қылмысқа айдап отырғаны бар (М.Ә.).
11. Бүкіл Тобықты ішінде дене бітімі алып сияқты келген әрі биік, әрі балғын жуан, алпамсадай (М.Ә.).
12. Көпшілігі қара қас, қара көз, қоңырқай қызғылт немесе ақшыл қызғылт жүзді (М.Ә.).
13. Оспан бұл мінезді әрі жаулық, әрі менсінбеген, бағынбаған жуандық деп түсінеді (М.Ә.).
14. Бетпақ далаға ұласар шетсіз де шексіз құм дариясы бейне бір асау толқынды, асығыс толқынды теңіз жолдарының бақиялыққа қатып қалғаны іспетті (О.Б.).
15. Арызшы кісі қайтерін білмей бірсыпыра тұрып, бір кезде бөркін қолтығына қысып, жақындай түсіп, арызын ұсынды (Б.М.).

2-жаттығу. Берілген сөйлемдерден бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді тауып, төмендегі үлгі бойынша теріп жазып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз. Үлгі:

Бірыңғай мүше	Жалпылауыш сөз
алма, алмұрт, өрік, ...	барлығы, ...

1. Ертесіне басы мең-зең ақсақалдар, неге болсын көнбек қарасақалдар, тек ханның ғана соңынан еруге әзір жастар, ақсүйек аталатын сұлтандар мен оғландар, қарашы бек аталатын билер мен батырлар тегіс қайтадан Көк Сарайға жиналды (М.М.).
2. Төрде отырған Кенесарының елшісі, Тілеуімбет би мен Жана батыр, тағы бірнеше адам – бәрі де тұра келіп амандасты (Ғ.М.).
3. Біздің үйдегі адамдар мыналар: әкем, шешем, әкемнің әке-шешесі мен менің інілерім Таңатар, Тұңқатар (Ғ.Мұст.).
4. Әбіштің маңдай, бет пішін, кескіні – барлығы да ғылым, тәрбие ағартып ашқан, анық интеллигент бейнесінде (М.Ә.).
5. Олар үшеу: Нұржан және Аманжан мен Бақытжан (О.Б.).
6. Суретші бейнелеген табиғаттың реңі мен лебі, адамдардың кимыл қозғалысы, сөйлегені, үні – бәрі ғажап, сондай сұлу.
7. Балалар соры, жетімдігі, панасыз, аш-жалаңаш, қат-қабат ауыр бейшаралықтары – бәрі де Абай жүрегін қатты жанышты (М.Ә.).
8. Еңдеше, бұдан былайғы тексеру, шешу, қорытулар – бәрі де сот байлауы бойынша болады (М.Ә.).
9. Баймағамбет пен үй иелері әке, бала үшеуі болып шапшаңдатып пар атты доғарып болған соң ғана Абай Дәмежанға бастатып, бір топты ілестіріп, үйге қарай жүрді (М.Ә.).
10. Олардың жері қай жақта, соғыс қай тарапта, қандай теңізде болып жатқаны туралы бұрын естігендеріне қана алмай жүрген Сейіл, Сейіт, Әбен – бәрі де Абайдан көп жайды қадағалап сұрасқан (М.Ә.). 11. Әуелі Абай Асқар, Мақсұт, Шәкет пен Мұрат төртеуінен кезектеп отырып үйлерінің биылғы күйін сұраған (М.Ә.).
12. Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын (М.Ә.).
13. Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы – Әділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды (М.Ә.).

14. Жылаған гашығы, жылаған жақын бауыр, қауым, ел, өліп кеткен кешегі Бөжей – баршасы да Абайдың өз басын да жылағандай (М.Ә.). 15. Түрксібтен келген вагонмен Москваға тоғыз кісі: Байжан, Гүлнар, Сырбай, Бақытжан, Рахмет, Ағайша, Масақбайдың екі баласы мен әйелі жүріп кетті (С.М.).

3-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді тауып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз.*

1. Осымен, жолаушылар тағы да Шәкеге бастатып, атқа мінбек болғанда, бағана тынған жел тағы да қайтадан лезде көтеріліп зуылдап шулап ызың салды (М.Ә.).
2. Сол жастай жер астында істеген жұмыс: шахта забой ұшыр соғу былғанып көктас сасық ніс сасық лай су қолды қарып қажап жаңғырықтырған ұшыр темір байға жағынып итаршыланған нәренжіктерді итше ертіп жүретін Шегір, жер астына түсіп, шығып жүргендегі жұмыскерлердің тұрпаттары, міне, осының бәрі осы күнге шейін менің есімнен қалмайды (С.С.).
3. Әннен уаныш пен жұбаныш тапқан көпшілік тамсанысып қалып, ұйып тыңдап тұр (С.С.).
4. Бірнеше күннен кейін мен әжем және апам бәріміз кемеде, кішкене қаютада келе жаттық (М.Г.).
5. Мағаштың хаттағы тілі әрі нәзік әрі сезімтал жүректен туған әрі шешен көркем (М.Ә.).
6. Әр бөлменің ұзынын қалденеңін ішкі қатынас есіктерін бәрін де Абай өзі қағазға сызып, Әйгерімнің қолына табыс етіп кеткен (М.Ә.). 7. Аязды боранды түнде асығып кеп, терезе қаққан жүргінші әдеттегідей суық хабар әкелген жоқ (М.Ә.).
8. Ол қайғы мен бұл қайғы ол зорлық пен бұл зорлық сөкеуінде де бір тек бар, бөрілер заңы... (М.Ә.).
9. Дәрменнің де Мағыш Кәкітай Ділданың да және жақында Абай аулына келіп кеткен Өтегелдінің де жалғыз білгені бар. (М.Ә.).
10. Осы жұманың ішінде Ермекбай, Сайлаубек, Шәкен үшеуінің де аужайын түйдім (Ғ.М.).
11. Бәтеңкесінен су өтіп аяқтарының дымқыл тартқанын, шалбарының балақтары әрі лас, әрі малмандай болғанын ол жаңа байқады (Х.Е.).
12. Былтырғы егінің биылғы жоғалған аттарың бәрінің дауын Тәкежан Ысқақ Майбасарлардан тұтас даулаймыз (М.Ә.).

4-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді тауып, тиісті тыныс белгісін қойыңыз.

1. Бет пішіні ерекше кесек айрықша бауырмал көңілшек аңқаулау адай мінезі ашық ажары бар кісі (М.Ә.).
2. Бұл жайында Ызғұтты Жақып Майбасар сияқты үлкендер және баладан Құдайберді Абай бар.
3. Ол басынан кешірген жетімдікке бейнетке жалғыздыққа мазаққа түгелімен қарсылық ойлады (М.Ә.).
4. Олар бірінен-бірі биік те аласа да емес (Қ.М.).
5. Нарбота мектеп есігін ашқанға дейін атасы мен апасының бауырында өсті (Қ.Ж.).
6. Сол уақытта есік пен төрдей жерден арбиган үлкен мүйіз көрді (Қ.Ж.).
7. Нарботаның үміт ұшқындаған көзіне албыраған жүзіне қарадық (Қ.Ж.).
8. Оның атасына деген кіршіксіз сағынышын қалтқысыз мейірімін сездік (Қ.Ж.).
9. Тағы да кең тыныш жым-жырт өлкеге өзі туып өскен осы өңірге Абай ұзақ-ұзақ көз тастайды (М.Ә.).
10. Абайдың бұл достары тілектес ниеттестері әрі сансыз көп әрі ел жырақтығын ел аулақтығын елетпейтін жақындар (М.Ә.).
11. Қалың елдің ызалы жігерлі күйінішті сөздері көп адамға жай орташа азаматқа қатты батқан-ды... (М.Ә.).
12. Осындай Әбішпен бір өзі оңаша сырласқандай арыздасқандай сәттерін Абай ендігі тірлік тынысындай күнделік мерзімі етіп алып еді (М.Ә.).
13. Абайдың ендігі сырласы досы шын ұзақ айнымас серігі – тағы да кітап қана (М.Ә.).
14. Белестер де ойпаңдар да далалар да бұталар өсімдіктер де көкпенбек жасыл бояқтай (С.С.).
15. Үлкен шалқар айдын көлдер ұзын аққан өзендер таудан адырдан сылдырап аққан күміс сулы бұлақтар көк шалғынды мөлдір сулы томарлар Арқаның жан-жануарларының сүйген үйренген сусыны (С.С.).

5-жаттығу. 1. Бірыңғай мүшелерді тауып тыныс белгілерін қойыңыз. 2. Көп нүктенің орнына төмендегі жалпылауыш сөздерді тиісінше қойып, тыныс белгілерінің қойылу жолын түсіндіріңіз: барша, барлық, төртеуі, көбі, бүкіл, бәрі.

1. Баланың да жігіт-желенің де егде-мосқал үлкенің де ... аузында бір жаңалық бір хабар (М.Ә.).
2. Жігітек Бөкенші Көгібақ ... да Құнанбай үстінен шағым айта бастады (М.Ә.).
3. Алшынбай Майыр Чернов және Тінібай ... ең әуелі Құнанбайды Омбыға жөнелтуді қажет деп тапты (М.Ә.).
4. Қазір бұл ауылдағы күзетші сауыншы түйеші қауыншы отыншы асшы ... де жаман жыртық киімдерінен жел азынап бүрсең қағып, бай малының соңында жүр... (М.Ә.).
5. Олимпиадаға жиналған бұл жастағы қыздардың ... танысқыш сөйлескіш әзілкеш ойыншы (С.М.).
6. Бақташы шал сұлу қарындас екпінді жеңгей бесіктегі бөбек ... май таңын бұрын көруді аңсайды асығады (Ғ.М.).
7. Мен бұл сұрауды бүкіл айналамдағы ауылға оның адамдарына далаға жерге көкке қысқасы ... дүниеге қойғандай жан-жағыма жалтақтай беремін (С.М.).
8. Құрым қос шигуырлықты киіз үй құм басқан кірпіш үй ... араласып кеткен (Ғ.Мұст.).
9. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде жусан ... де жел лебімен қалтырайды (М.Ә.).
10. Аштық махаббат жаман мінез қорқақтық ... тәнге байлаулы (Ы.А.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -86-92 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -47-51 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -35-38 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48, 58-64 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. - 59-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. 52-56 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1-жаттығу. Берілген құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерінің қойылу жолын түсіндіріңіз. Үлгі: Игілік шеткі аттың неден үріккенін де көрді: қақпаның түбінде шұбар көрпеге оралған бір бума жатыр екен деген құрмалас сөйлемнің екінші компоненті алғашқы компоненттің мазмұнын ашып тұрғандықтан араларына қос нүкте қойылған.

1. Игілік шеткі аттың неден үріккенін де көрді: қақпаның түбінде шұбар көрпеге оралған бір бума жатыр екен (F.M.).
2. Нұрым қамшыны да босатпады: басқа соғар деп қауіптенді (I.E.).
3. Бұдан кейінгі отырыста Абай мен Ербол кейде кезектесіп, кейде қосылып көп ән салды, қонақ әйелдердің, әсіресе Тінібек бәйбішесінің тілегімен әйелдер мәжілісінің көңілін көтеріп, қызмет етті (M.Ə.).
4. Күн де шанышқақтап найза бойы көтерілді, ойды-қырды алып жатқан жылқыға біз де келіп жеттік (F.M.).
5. Үлкен қуанышымды іште іркіп отыр едім, - сыймайды, айтайын (F.M.).
6. Құсбегінің бұл сөзі өзін қанша жұбатқанын кім білсін, бірақ Абай мен Жиреншені иландыра алған жоқ, үйткені Жиренше бүгін бұларды мықтап жеңіп, табалап тұр (M.Ə.).
7. Қазақ көшіне ұқсамайды: атқа жеккен бричка, тачанка, төбелерін брезентпен жауып шатырлаған, ішінде 15-20 адам бар (M.Ə.).
8. Оларда пасықтық бар, - адамдық жоқ; қараңғы жауыздық бар, - жарқын жүз жоқ (M.Ə.).
9. Жақыптың айтуынша, әке бастайтын іс бар да, бала кірісетін іс бар, сондықтан екі арасын айыра білу керек (M.Ə.).
10. Ол, Қарашолақ қосқа кірісімен, Абылғазыны ақырын түртіп қойып, құсқа қарай ымдаған (M.Ə.).
11. Қайраңның мөлдірлігі сондай – бетінде жүрген үйрек сүйгіп кетсе, су астында қайда бара жатқандығы көрініп тұрады (C.M.).
12. Бірден біледі: бұл – Серғазы адамдарының жасағы (I.E.).
13. Қазірде де, ала көлеңкеде, кәрі әжесі байқап отыр: ән тоқтай қалса, кішкентай қыз қарақаттай қап-қара көздерін ашып алады.
14. Ырғызбайлардың кнім сәні бөлек-ті және қаладағы саудагер, имам, қалпелердің сәлделі, шапанды, құндыз бөрікті, барлық көріністері де басқа (M.Ə.).

15. Қазақтың шынын айтқызатын екі нәрсе бар, соның бірін қолданып көріп ем, - ештеңе шығара алмадым (Ғ.М.).

2-жаттығу. Берілген құрмалас сөйлемдер компоненттерінің арасына тиісті тыныс бергісін қойыңыз.

1. Мынау үйлер «там» десе дерлік үйлер екен бәрі де балшықтан соғылған тапалтақ, әйнектері кішкене, төбелері жайнақ (С.М.).
2. Өздерінің сиырларын суарам ғой деп барып еді Қартқожаның ол ойы болмады ауылдың сиыры қаптап кетті (Ж.А.).
3. Баяғы көңілі қалғандығы бар ма әлде басқа себеп болды ма Раушан Бәкенге тіс жарып сөз айтпады (Б.М.).
4. Асқар айтып тұрғанда Кошкиннің зәресі кеткені сондай егер жер тесік болса еніп кетер еді (С.М.).
5. Сондықтан ағалық өтінішім кітабыңды бұл қалпында баспаға жіберме... (І.Е.).
6. Зар даусынан кейде ыза мен зіл де байқалады, кейде Абайға қызық көрінетін мақал, мәтелдер айтылып кетеді (М.Ә.).
7. Бергі қабағы қалың шилеуіт, жардың асты тығылыса біткен қалың тал, сондықтан да Талды атанған өткелге бұлар күн батқан соң жетті (Ғ.М.).
8. Байқан молданың екі-үш жылдан бері көрген күні, өзінше айтқанда, итке берсін дерлік еді мал азайды түсім кеміді ел бұрынғыдай сыйлауды қойды (Б.М.).
9. Күні бойы екі қолын қоярға жер таппай бос отырғандықтан ба әлде шет-шегі жоқ кітап оқу тойдырып бітті ме әйтеуір мана бір түрлі көңілісіз отырған (С.М.).
10. Тілеуімбеттің менсінбегені Мүсірепке де батып кеткен екен сол себепті ол сөз аяғында бидің өзін де түйрей кетті (Ғ.М.).
11. Оларды кінәлауға да болмайды географиялық картада ондай ат жоқ (С.М.).
12. Шолпан сап алтын сияқты: бойындағының бәрі – ана сүтімен біткен өңкей асыл қасиеттер (Ғ.М.).
13. Оның бұтақтарының жиілігі сондай бір ай нөсер жауса да түбіне тамбайды (О.Б.).
14. Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және түстері жүдеу, ашаң тартып сұрланған, киімдері жыртық екі-үш орта жасты адам бар (М.Ә.).
15. Жиі-жиі ойға қалам іргесін боз өзен жалап жататын интернаттың бір тілім наны болмағанда біз осы дәрежеге жетер ме едік? (Ш.М.).

3-жаттығу. Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасына қойылған тыныс белгілерге назар аударыңыз. Қате қойылған тыныс белгілерін анықтаңыз. Үлгі: Розаның үстіндегі қолбылдаған қалың куртқасына қарап Жұмабек елжіреп кетті, бейне әкесінің киімін киген бала сияқты деген құрмалас сөйлемнің екінші компоненті алғашқы компоненттің мазмұнын ашып тұрғандықтан араларына үтір белгісі емес, қос нүкте қойылуы тиіс.

1. Розаның үстіндегі қолбылдаған қалың куртқасына қарап Жұмабек елжіреп кетті, бейне әкесінің киімін киген бала сияқты (Т.А.).
2. Көп адам қасына келеді, бірақ, жалғыз келе жатқандай сезінеді (Ғ.М.).
3. Ертең ертемен жүретін болғансын ба? әлде Нұржанға ренжіді ме? әйтеуір өрелі таңды көзімен атырды (Ә.Н.).
4. Дәмештер енді байқады – кемінде жүз шақты бөкен арпа егісінің үстінде аппақ қайындай болып жайылып жатыр (Қ.Ж.).
5. Уайымның да уәжі бар: іштегі бала бір уайым, сырттағы бала екі уайым (Ш.М.).
6. Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады (Ғ.Мұст.).
7. Байлау біреу-ақ – не Абайды аман шығарып ап, күле жайнап бәріміз елге қайтамыз немесе Базаралы бас қияды да осыдан ел бетін көрмей айдауға кетеді (М.Ә.).
8. Су бетінде мойны ғана қылтып көрінген қарала сүңгуір менен шошыды ма, әлде жем іздеді ме, бауыры жарқ етті де жоқ болды (Б.Т.).
9. Өзі де соған жақындап қалды: Қарқаралы дуанының алғашқы аға сұлтандары – хан тұқымынан шыққан Құрбек пен Жамантай еді, қазір олардың орнына қара қазақтан Өскенбайдың Құнанбайы отырды; Ақмола дуанының аға сұлтаны хан тұқымынан Құдайменденің Қоңырқожасы еді, қазір қара қазақтан Жайықбайдың Ыбырайы болды; Көкшетау дуанының аға сұлтаны Абылай ханның ұрпақтары болып келіп еді, қазір ол дәреже қара қазақ өзінің балдызың – Зілғараның Мұсасына ауысты, қазір сібірлік алты дуанда хан тұқымынан Шыңғыстан басқа аға сұлтан жоқ (С.М.).
10. Бір-ақ қана айтарым бар; мұны парыз, қарызсыз, жай тілеуестік істеткен іс десеңіз болды (М.Ә.).
11. Олардың сөздерінде бояу аз болады – бірақ тыңдаушыны еріксіз ерте жөнеледі (Қ.Ж.).

12. Мынау далада қарсы тұрар бір күш жоқ болғаны ма, әлде, тіпті осы сұрапылды да елемейтін ерекше күші бар ма? (F.M.). 13. Күндіз ылғи ұзақ жырлар жырланады, немесе, әредікте шешендер, ділмарлар айтқан тақпақ, тартыс, билік, даулар айтылады (М.Ә.). 14. Жіпсіп шыққан тер мен баттасқан көмірдің күйесінен тістері ғана ақснып: көздері ғана жылтырап тұр (Ә.Ә.). 15. Ешкім үндемеді, - өйткені бұндағы кісілердің бәрі де қарт әйелдің даусын білетін (М.Ә.).

4-жаттығу. Мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолын түсіндіріңіз.

Намыскер жүректің ызалы толқыны білінді. Жаңа үйде отырған шақта пайда болған шабыт, қызу қайта келген еді. Бұл тұста әкесін аяп қала алмайды. Сөйлеп кетті.

- Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам, ең әуелі, жайдақ суға теңедіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы «айт» десе өргізіп, «шайт» десе жусататын болған. Бертін келе ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып, «шөк» десең, аңырып барып қана бұрылады. Ал қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар момындықтан сейіліп көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады. Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім, өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым болар ма?.. Жатырқап, қашықтауым нағандық болса болар, бірақ қасиет болмас... – деді (М.Ә.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -92-99 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -52-57 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -39-45 бб.

4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. –4-48, 67-82 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. – 16-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. –Алматы, 1951. 56-64 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. –44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ТӨЛ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден төл сөз бен автор сөзін ажыратып, тыныс белгілерінің қойылу жолын түсіндіріңіз.

1. – Оқыған қашан да жақсы ғой... Оқымаған етекте, оқыған биікте! – деді (Ғ.М.)
2. «Сол жолы неге ғана бір тілдеспедім?» - деп қынжылдым (Ғ.М.).
3. Балалық жүзінде: «Менде жазық жоқ, мен тазамын», - деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар. (М.Ә.).
4. «Ақбота жиырмаға менен бұрын жеткен екен! – деген ой келеді. – Бірақ бақытты бола алмапты» (Ғ.М.).
5. Екі көзін Дүрияның мұңлы жүзінен айыра алмай: «Жә-жә, мұным не? Қаттырап барам ғой», - деп ішінен өзіне басу айтқансыды (М.С.).
6. – Балуан, - деді Ғалия басын көтеріп, қасына отырған оның нығына қолын салып, - мен сізді осы араға әдейі іздеп кеп ем, тыңдасаңыз үш тілегім бар (С.М.).
7. - Ә-ә, солай дедің бе... Жеттің бе соған?! – деп, Құнанбай Әмір мен Абай екеуіне қатар бір ғана шұғыл, қатал кек ойлады (М.Ә.).
8. Абай соншалық рақаттанып, сүйсініп күліп кеп: - Есіл Барке-ай, осындай майда тілің барда сенен қазақтың камшысы түгіл, мылтығының оғы да өтпеді-ау, - деді.
9. Майбасар да ілесе: - Ой, қуарған көкбет! – деп қамшы үйіріп кеп қап еді. Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды. – Ия, мен көк ит болсам, сендер көп итсіндер! Жабыларсың, таларсың да жерсің! – дегенде, Қарыспай мен бағанағы төрт жігіт Қодарды сүйреп жөнелді (М.Ә.).
10. – Өзің үлкен үйге түс. Апам екеуіміз менің отауымда болармыз, - деді Ұлпан үйлерге жақындай бергенде (Ғ.М.).
11. – Ау, мынасы несі, тағы да арабша ма? – деп Дәугара сұстия түседі де, - латынша болмаса, арабшасына шорқақ ем, оқып бересің бе? – деп соған ұсынады (Б.М.).
12. – Е, неге болмасын, болады, түссін! – деп Тайжан қалбалақтап қалған. – Бар, үйге бар, төрге көрпе сал, торсықты піс, - деген Сәтбалаға. – О не дегенің? Бидің баласы босағамызды аттасын. Өсіп келе жатқан жас балаларымыз бар, сондай болар ма екен, ырым болсын, - деп Тайжан жік-жапар болған (З.А.).
13. Шай ішіліп болған соң, үй несі қызға батасын беріп: - Бетіңнен жарылқасын, балам, бақытты бол! – деді (Ғ.М.).

14. Оған мен болған жайды айтып кеп, алып қойған етті көрсетіп ем: - Өзің бір оңбаған бала екенсің ғой, - деді Бекен ренжіп, - «Байдың асын байғұс қызғанады» деген рас екен ғой. Сен шатаспа өйтіп. Мына піскен етті түсір де, шала піскен етті сорпаға қайта сал (С.М.).
15. «Бай – бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген сөз бар, өзінді сақта, балам. Осы мансабы құрғырға да тым бой ұрып кетпеші, - деді (Қ.Ж.).

2-жаттығу. 1. Төменде берілген сөйлемдерден төл сөз бен автор сөзін ажыратып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз. 2. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:

<i>Төл сөз – автор сөзі</i>	<i>Автор сөзі – төл сөз</i>	<i>Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі</i>	<i>Төл сөз – автор сөзі – төл сөз</i>
«Мұны мен бұрын бір жерден көрдім», - деп ойлады ұста.	Ұста ойлады: «Мұны мен бұрын бір жерден көрдім».	Ұста: «Мұны мен бұрын бір жерден көрдім», - деп ойлады.	- Мен, - деп ойлады ұста, - мұны бір жерден көрдім.

1. Абай қалжындап, құстың түлкіге құлшынып кеткен ажарын Жиреншеге нұсқап, көрсетіп тұрып бәлем Жиренше сәуегейлігінді енді көрермін деді. Бәсе, көрсек көрерміз. Әлі түлкі қанжығанда тұрған жоқ. Асығып аптықпа деп Жиренше құсқа күле қарап тұр (М.Ә.).
2. Жас кезімізде осынау өмірдің шет-шегі жоқ, тіпті таусылмайтындай көрінуші еді. Сөйтсек, оның өзі қамшының сабындай, екі айналуға келмейтін тым қысқа нәрсе екен деді Керімбай әлден уақытта терең тыныс тартып (Қ.Ж.).
3. Жаңа ғана кіре берген Сұлтанмахмұт Қазірет күтіп отыр. Өз бөлмесінде. Тез кір деді (Д.Ә.).

4. Бір болыс ел Ахмет демей Аха дейтін еді деп азғана отырды да анау отырған Айбас – қанды балақ ұры. «Ахаң» күнінде аулымның жел жағынан өтсе, жиренетін едім. Енді немді қызғанайын, қосыма қосып алдым (Ғ.Мұст.).
5. Апа деді Сұлтанмахмұт ол мақалды мен білем (Д.Ә.).
6. Сұлтанмахмұт көкейіндегісін Шабайға айтты бұл бергендерімді алмадың деп өкпелеме, бауырым. Сенен қолқам бұл емес (Д.Ә.).
7. Кінәм – жаңағылар. Алдарыңда мен. Әділ төресін өздерің айт, ағалар деп Сұлтанмахмұт сөзін бітірді де жұртқа тесіле қарап, «үкім» күтіп тұрып қалды (Д.Ә.).
8. Пәлі, сіз қызық екенсіз деді лейтенант ұрылар бір-екі рет мына қоршаудың іргесін тесіп, тоқылған матаны тобымен көтеріп кетті (Қ.Ж.).
9. Әй, Шәкей деді Нұртаза сөзіңнің төркіні түсінікті. Шықбермес Шығайбайдың тор қасқасын бақ қасқа қылып айласын асырған Алдаркөсе бол деп отырсың ғой... (С.Ж.).
10. Тыңда деді әйел сен талай істі істесең де құр адамсың. Ал мен анамын (М.Ж.).
11. Түн ортасы ауа бере бір жылқышы кездесіп еді... даладан айғай естіді несіз қосты басып алған қай итсіндер деді дауыс (Ғ.М.).
12. Абай аға, рұқсат етіңізіші, жүз жыл бойында талай жолаушы мен өткіңші Еңлікке өзі білген құранын оқып бата қылды ғой. Әруағың да өзі, жастарының жеңдеті де өзі болғаны ма дегендей Абай оған сәл сүйсіне қарады (М.Ә.).
13. Майдай жағып барады-ау!.. Көңіл жарасын қуғандай. Май сыйлаудай дәрім ғой мынау! Дәрменім ғой деп Базаралы ыңтыға тыңдап отыр (М.Ә.).
14. Ал енді болды, барыңдар, алыстан қайтып келген жолаушы дем алсын, тынықсын. Тамақтарыңды даярлаңдар. Сен андағы қойды тез жәукемдей ғой. Келін шырақ, әй, аял! Шек-қарыңды ертең аршырсыңдар. Алдымен тездетіп қуырдақ қуыра қойыңдар деп кара мұрт баласынан бастап, келінге шейін бұйырық беріп, қуып салды да, Ақанның қой соймай-ақ қойыңыздар, әуре боп кайтесіздер дегеніне қарамай болмайды, о не дегенің, сендей адамға бұйырған мына тоқтының не арманы бар... Базары құрсын, кара суға қарап отырғанымыз жоқ деп бар сырын ақтара айтып қойды (С.Ж.).

15. Сөйтсейші, қалқам алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала деген гой, боса да оқитын болсаң, үйде отырып-ақ оқи бер деп Шәрипа әлденеге күрсінді (Б.М.).

3-жаттығу. Төменде берілген төлеу сөздерді төл сөздерге айналдырып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз. Үлгі: «Әлі бұл өңірде көк шабан тебіндеп келе жатыр, қыс ызғары әлі түгел айыққан жоқ», - деп әңгіме қып отырды.

1. Әлі бұл өңірде көктің шабан тебіндеп келе жатқанын, қыс ызғарының әлі түгел айығып болмағанын әңгіме қып отырды (М.Ә).
2. Байжекең әуелі мына қонақтарға шай бергенін айтты (Ғ.М.).
3. Осы кезде Салика шығып, қонақтарға ас піскендігін айтты (С.М.).
4. Бұның бір ми жетпейтін өнер емес, тек ерінбесең болғаны екенін айтты (Ғ.М.).
5. Мына топалаңда ол сізді жоғалтып алғанын, енді ғана зорға тауып тұрғанын қазақшалап айтты (Б.Мом.).
6. Жанәбілдің түспеуін айтып калғанда, Жанәбіл қарқ-қарқ күлді (Ғ.Мұст.).
7. Рамазан енді бір ауық Орта Азия қалаларының Россия иелігіне біржола өтуіне байланысты соңғы жылдары Шығыс Түркістанға Қокан, Хиуа, Самарқанд, Марғұланның келетін сауда керуенінің азайғанын, мұның өзі жергілікті кәсіп иелерінің емін-еркін көсілуіне кең жол ашқанын қыбы қана отырып әңгімеледі (Қ.Ж.).
8. Тағы бір күні кешке Кәмәш палатаға бас сұғып, Баукеңнің вестибюльге қотеріліп, мені күтіп отырғанын айтты (Ә.Н.).
9. Жұрт тағы да жапа-тармағай жер тізерлеп, қолдарын жайып, құдайы мал қабыл болсын десті (Ә.К.).
10. Абай үлкен үйге түсті де, шешелерімен амандасып болған соң, көші-қон жайын айтты (М.Ә.).

4-жаттығу. Төменде берілген жақша ішіндегі төл сөздерді автор сөзімен байланыстырып, тиісті тыныс белгілерін қойыңыз. Үлгі: Қалтай атты доғарып жатып: «Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің», - деді.

1. Қалтай атты доғарып жатып, деді (Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің) (М.Ә.).

2. Дем аһ ұрып алып, деп, үнсіз жылайтын (Жақып тірі тұрғанда, кімнен кем, кімнен қор едім? ендігіні айтсаңшы, тістегенің аузыңда, ұстағанның қасыңда кетіп отырған) (М.Ә.).
3. Ақан да, Қалтай да үй ішімен амандасып, кемпірге қарап, деп, жайлап көңіл айтты (Құдай ісі сыпайшылық, ақырының қайырын берсін!) (М.Ә.).
4. Дем әйелдер зар салып, дауыс айтып, үйге кірді (Е, Тәңірі жоқ болды, өлді) (М.Ә.).
5. Менің қарағымға келіп айтады дейді, деп айтады дейді (Шешелеріңе жаның ашыса, Мәрденге барғаның жөн емес пе? Сен жігіт болып, осы үйіңнің жұмысын басқарып отыра аламысың? Онан да өзін біреуге сүйенген болсаң, сен сүйенгенге шешелерің де сүйенеді ғой) (М.Ә.). 6. Ғазизаның үрейі ұшып, жүрегі тулап, есі шыққандай болып, сезімінің бәрі жоғалып, жалғыз-ақ, дегенді ойлап, қайта – қайта қатты жұлқынып ұмтылды (құтылсам-ау) (М.Ә.).
7. Мақсұт ірге жаққа қарап жатып, басын бұрмай (Қадиша... өлмейді... Бірақ ол сенен туган жоқ... Басы көп, бай төркіні бар. Ең болмаса, соларға кетіп қалады ғой. Сені о да жылатар... (М.Ә.).
8. Қасына қозышы бала шауып келіп, деді (Шүйінші-шүйінші, апа! Жұмағұл аға келіп қалды) (М.Ә.).
9. Деді (Тілегім – біздің жақындығымыз аз күндік болмасын. Осыны қалай көресіз?) (М.Ә.).
10. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты, деді (Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: «Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырыңда, сен де зорайып мұратыңа жетесің» дегені ме деп білемін) (Ы.А.).
11. Екінші жолаушы мүсәпір жолаушы екен, басын шайқап, деді (Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы даметпейді, бұлай болса адамға да әбірет сол: Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек) (Ы.А.).

5-жаттығу. Мәтіннен төл сөздерді тауып, тыныс белгілерінің қойылу жолын түсіндіріңіз.

Байжан ауыл шетінен келіп кіргенде өз үйі жағынан Мұсаның ойбайлаған, шыңғырған, Тайжанның: «Қойсаңшы енді, өлгіресің бе?» деп арашалаған, Сәтбаланың: «Басынан таяқ кетпеді-ау, көк жұлын өлетін болды-ау, сорлы жетім», - деп зар илеген дауыстары естілді. Шыбын-шіркей болып жанын қоярға жер таба алмай шырылдап жүрген он үш жасар баланы көп шыбықтың астына алып шықыртып жүр Балжан тоқал.

Балжанның күндегісі осы. Сыныққа сылтау іздеп, Мұсаны бір тілдеп алмаса, ішкен-жегені бойына сіңбейтіндей, қолы қышып тұрады. Баланың бүгінгі кінәсі осы екі үйдің бұзауын жамыратып алғаны. Бұл түгіл есік алдында жатқан тезек жабылмай, суда қалса да, өгей шеше Мұсаның жонынан таспа алып, ойдан-ойға, қырдан-қырға қуып жүгіріп сабайды. Байжан оған ара түсе алмайды Көрмегенсіп, көрсе де «қайтушы еді» дегенсіп өтіп жүре береді.

Жазықсыздан-жазықсыз арқасынан көк шыбық кетпеген соң, Мұса да ашынып алды. Балжанға дегенде тілін тартқан емес, жасынан-ақ шақар боп өсті.

- Мұса, әй, Мұса деймін! Жер жұтып кетті ме ей, сені, - деп айғай салды Байжан көптен кейін.

- Немене, - деген даусы естілді баланың. Өксігі әлі басылған жоқ екен.

- Қотан күзетесіңдер ғой. Таң біліне Тауторының ер тоқымын ал да, жүгенін сыпырып қоя бер.

Мұса бұған мығым. Өсіресе, Тауторы дегенде жаны қалмайды оның. Мұса аттың жанына келді. Ерін сыпырып алып арбаға қойды. Өлдеқайдағы бір ойлар келді.

... Кетсем осы үйден, бүйтіп өгей шешенің тепкісінде жүргенімше.

Сонда қайда кетпек? Барар жер, басар тау бар ма бұған?

Атының жанына келді. Тізгінін шешіп алып, сағалдырығын салды. Мініп алып, жүріп кетті. Бір адырдан бір адырға асып желіп келеді, қашқын бала шеткі адырдың иығына шыға келді (З.А.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. –99-106 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. –57-63 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. –46-53 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. –4-48, 82-84 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. –16-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. –Алматы, 1951. 65-70 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. –44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1-жаттығу. *Сөйлемдердің тыныс белгілерін қойыңыз. Қойылу себебін түсіндіріңіз.*

1. Хан жарлығы бойынша оларға да жақсы қоныс бұрын Керей руы жайлап отырған Есіл бойынан Қызылжар төңірегінен ойышып орын берілуге тиіс еді (М.М.).
2. Жақсыдан жаман туса емі болмас Жаманнан жақсы туса теңі болмас деген бабаларымыздың жарқыраған жолын надандығы көргізбеуші еді (С.Т.).
3. Біреуі қазір міне он үшке келген Бөрібасар екіншісі бұдан кенжесі ол әлі жас (М.Ә.).
4. Жаз жауынды мол сулы қалың шалғынды көк жібек бесігі сияқты (М.Ә.).
5. Тұрғыға шығып томағасын тартқан бүркіттей бүкіл дүние дөңгелеп көзінің алдына келетін сол бір шабытты шаққа парапар келетін не бар екен бұл әлемде (Қ.Ж.).
6. Есеке күн әлі ерте біз келген жұмысымыздың жайын сөйлескіміз келеді қалай болар екен дедім (Ғ.М.).
7. Жә тоқтат ақсақал Қырық жыл достық болмаса қырық жыл жаулық та жоқ Базаралыдан алмаған өшің бар ма еді (М.Ә.).
8. Алыстан-ақ Абайға тура беттеп өзгелерге қарамастан тек Абайдың өзіне ғана арнағандай қып Ассалаумәлейкім Абай аға деді (М.Ә.).
9. Өзі сері әнші сұлу Байтасқа екеуі де бірі кәрі бірі жас бала қызғана да тамашалай да қараған еді (М.Ә.).
10. Менің сендерге берген парам сол дәл сол Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым (М.Ә.).

2-жаттығу. *Сөйлемдерде үтір қойылуға тиіс жерлерге үтірлерді қойып, қойылу себебін түсіндіріңіз. Үлгі: Ат шабыс көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болып жатыр деген сөйлемде ат шабыс көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру дегендер бірыңғай бастауыштар болғандықтан араларына үтір белгісі қойылады*

1. Ат шабыс көкпар серке тарту теңге алу балуан күрестіру – баршасы да осы күні болып жатыр (М.Ә.).
2. Апыр –ау біздің елде мұндай бұғаудан құтылып сүйгенімен қосылған қай қыз бар еді? (Ғ.М.).

3. – Ой бәрекедді! Өте ойлы сөз айттың қарағым – деп Оспан шопан өз шәкірттеріне қатты риза боп қалды (Н.Ф.).
4. Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса әлсіз жері де осы Тобықты ішінде (М.Ә.).
5. Осының бәрі рас болса онда кім біледі Кенгірбай заманында Кебектерді өлтірту тіпті зұлымдық емес те шығар (М.Ә.).
6. – Жоқ сүйіктім мен жаңа не айттым соған ойлана бір қарасаң мендегі жан сырына өзің де түсінерсің қош! (Ә.Ә.).
7. Биіктен қиян алыс көк жиекке қадалып қараған Абай көзі ой көзі сол кемеңі оң сапарға ұзатып талмастан телміріп қарап қалыпты (М.Ә.).
8. Бұл ойыңда шындық дәні барлығын сезінсе де бауырмал жүрек бүкіл бір халықты ешнәрсе жасай алмады деуге қия алмай басқа себептерді кеңірек жайылып іздестіреді (Ғ.М.).
9. Мынау далада қарсы тұрар бір күш жоқ болмағаны ма әлде тіпті осы сұрапылды да елемейтін ерекше күші бар ма? (Ғ.М.).
10. Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарап тұрып: - Шырағым сен бала емессің естісің. Өзің барсаң бірсәрі. Ондай жаман сұмдық жерге Абайды несіне апардың? – деп «жаман» «сұмдық» дегенді шынымен баса айтып: - Бала емес пе? Шошынар деп ойласаң нетті? – деді.

3-жаттығу. *Сөйлемдерге тиісінше сызықша не қос нүкте белгісін қойып, қойылу себебін түсіндіріңіз. Үлгі: Оның кейінгісі – Иса деген сөйлемде бастауыш пен баяндауыш атау тұлғалы зат есімнен болғандықтан араларына сызықша қойылады.*

1. Оның кейінгісі Иса. Бұл өзінің алдындағы екі ағасының екеуіне де тартпаған момын адам (З.А.).
2. Қазақ халқы ел сұлуының бірі, қазақ жері жер сұлуының бірі (І.Е.).
3. Ерболдар арызы, оның үстіне Абайдың өз жауабы баршасы қосылды да, ақыры областное правление дейтін жандарал кеңсесінде тергеу өтпек болды (М.Ә.).
4. Қош несі екеу-ақ бір әйел, бір еркек, қимасы түскен кең ырдуанды мықшың-мықшың көтеріп жатыр (Ғ.М.).
5. Баяғы көңілі қалғандығы бар ма, әлде басқа себеп болды ма Раушан Бәкенге тіс жарып сөз айтпады (Б.М.).
6. Мына Шодыр қазір кедей емес, орташа екі пар аты, екі бричкасы, екі бұзаулы сиыры бар (Ғ.М.).

7. Шолпан сап алтын сияқты бойындағының бәрі ана сүтімен біткен өңкей асыл қасиеттер (Ғ.М.).
8. Сәуле мұндай сөзді Нұрланнан күткен емес еді, қатты тіксінгені сонша қалтырап кетті (Ә.Ә.).
9. Күй құлағын бұраған сен бе, Еркежан? Дөп, ұзын бойлы толық денесін жазып Жақсылық бір керілді (Ғ.С.).
10. Сол жақта алыс көкжиекте, көкшіл мұнар ішінде Семейтау көрінді (М.Ә.).

4-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдердегі сызықшаның қойылу жолдарын төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:

<i>Бастауыш пен баяндауыштың арасында</i>	<i>Бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдында</i>	<i>Диалог, төл сөздерде</i>	<i>Жалғаулықсыз салалас тар арасында</i>	<i>Оңашаланған айқындауыш мүшелерде</i>
<i>Ойы тезірек Дөңқараның бергі түбегіне жету.</i>	<i>Төрте отырған Кенесарының елісі, Тілеуімет би мен Жана батыр, тағы бірнеше адам – бәрі де тұра келіп амандасты.</i>	<i>– Оқыған қашанда жақсы ғой... Оқымаған етектен, оқыған биікте!</i>	<i>Оларда пасықтық бар, – адамдық жоқ; қараңғы жауыздық бар, – жарықпен жүз жоқ.</i>	<i>Өзі сері, әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызыға да, тамашалай да қараған.</i>

1. Осы сарын, әуен, осы күйлер – сансыз ғасырдың шежіресі, сыры, кейінгіге жалғасқан жүрек лүпілі, қара қылды қақ жарған ғаділет лебізі ғой (Т.Ә.).
2. Отағасы, ол – бір мың тоғыз жүз бесінші жылғы екен, - деді Дәрмен ақырында (Т.Ә.).
3. «Бір күн қонған құт, екі күн қонған - жұт» демекші, бүгін Сәрсеннің қимылында бұрынғыдай көңілді ширақтық жоқ, ал, Нағиманың қабағы көрінеу салбыраңқы (Т.Ә.).
4. Оның кезген жері – Қаратаудың күнгеі мен теріскей, әрісі – Арканың бергі шеті (Т.Ә.).
5. Оның бүкіл сымбаты, мінезі бір себептен, Балымшаға келетіндей. Тек Балымша ақ сары да, бұл – ақ сұр (Т.Ә.).
6. Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза (М.Ә.).
7. Арлы адам – ардақты, ар – ардақтың анасы (Б.М.).
8. Ердің туы – намыс (Б.М.).
9. - Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі (Б.М.).
10. Тіл өнер - дертпен тең (Абай).
11. Ғалыммен дос болсаң – ақылың артар, Залыммен дос болсаң – басың қатар.
12. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл» (Абай).
13. Әркімнің бақыты - өз қолында.
14. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәселесі.
15. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті.
16. Әке – асқар тау, бала – бауырындағы бұлақ, қыз – жағасындағы құрақ.
17. Ас – тұзбен, су – мұзбен дәмді, ал адамзат салихалы, саналы сөзімен сәнді.
18. Үйренер нәрсең – білім мен мейірімділік (Ж.Б.).
19. – Ол неге, а? – деп Сырлыбай маған таңырқай қарады.
20. – Сонда не болады, а?
21. – Ур-ра-а, Бейбіттен басқасының бәрін жықтым. Міне, міне, грамота, разряд... – деп сөмкемнің аузын аша алмай мықшындап жатырмын.
22. Көп ойлан, жақсы сөйле – нұсқа болсын, Сұраса – жауабың да қысқа болсын (Ж.Б.).
23. Белгісі болса – жолдан жаңылмас, Білімі болса – сөзден жаңылмас (М.Қ.).
24. Құлақ естісе – көңіл білер, Көз көрсе – шабыт келер (М.Қ.).

5-жаттығу. 1. Төменде берілген сөйлемдердегі тырнақшаның қойылу жолдарын түсіндіріңіз. 2. Тырнақшаның қойылу жолдарын төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:

Тол сөз	Мақал-мәтелдер, афоризмдер	Ұйым атаулары, машина маркасы, газет-журнал, шығарма аттары	Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер, сөз тізбектері
«Осы өнерді қайтсем де меңгерермін», - деп, ішімнен өзіме-өзім ант еттім.	«Өнер алды – қызыл тіл».	«Жас алаш»	«БІ» дыбысы – жуан дауысты.

1. «Туып-өскен қаланы ес білгеннен таныс, етене жақын дүниені қайтадан көремін-ау», - деген ой жігіт жанын толқытып жіберді (Қ.Ж.).
2. Жігіт көңілінде «сырымды білген жұрт маған қалай қарар екен» деген бір күдік бар-ды (Қ.Ж.).
3. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес» деген (Қ.Ж.).
4. Вокзалдың алдында Кәрімнің «Волгасы» тұр екен (Қ.Ж.).
5. Ойынан жаңағы Сапар кетпейді. Көз алдымда көп сурет, көп елес... «Кез келген адам бақытты болғысы келеді. Бірақ ол бақыт та, сор да аспаннан жаумайды, айналаңдағы адамдардан ауысады. Біреу соған жақсылық, бақыт боп кезігеді. Махаббат, достық дегеніміз – сол адамның адамға беретін бақыты. Ал сенің жолыңа жуа боп бітіп, қызыл көз бәледей қырсыққа жолықтыратын да – сол адам. Оқ екеш оқ та өздігінен атылмайды. Мылтықтың шүріппесінде адамның сұқ саусағы тұрады». Бұл сөзді Жәнібекке Дулат қария осыдан бір жыл бұрын айтқан еді (Қ.Ж.).
6. «Жетім қозы тас бауыр, жайылар да отығар» дегендей, ана қайғысы көпке дейін есеңгіретіп келіп, көкіректі қарс айырған соңғы бір үмітсіз өксікпен тоқтаған-ды (Қ.Ж.).

7. «Алматы», «Көктем», «Ұстазыма» деген өлеңдер жазып, онысын ұнатпай жыртып тастады. Ақыры қиналып отырып, «Анама» деген өлең жазды (Қ.Ж.).
8. Үлкендер жағы «кербез келін» деп жастар жағы «Күлеке» деп қошемет көрсетеді (Қ.Ж.).
9. «Сүйінші» - жеңіс хабаршысы (Ж.Қ.).
10. «Шолпан әні» суреті эпикалық сипатқа ие болса, «Сыр шерту» лирикалық тұрғыдан шешім тапқан (Ж.Қ.).

6-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдердегі қарп нүктенің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Біраз күнге жолаушылап кеткен Таласты күте-күте... Қарабектің көңілі болмай жүрді (С. Ғ.).
2. Бірақ өзінің бір жолдасына: - Фариза келіп кетті, тұтас омыртқа әкелді, депті... (Ф. О.). – Жалғыз өзін қайда тастаймыз, бірге туған ешкімі жоқ... Аш, жалаңаш болсақ та, өзімізбен бірдей болар, - деді анам (Ф. О.).
3. «...Әрине, Марданның кемшілігі жоқ деуден аулақпын. Қалған жағдайлар онан кейін өзінен-өзі анықталар...» (С. Ғ.).
4. Қашан айттың деме, - деп орнынан көтеріле Нәзікен, - Бүгінгі тұңғығың... ертең осы бір ауыз сөзбен шайқалады... (С. Ғ.).
5. Меніңше, мақалада Бөкеев романы туралы сөз осы бағытта өрбуі қажетті... (Ә. Т.).
6. Таң алды... Көзіме ыстық-ыстық жас келтірді... Міне, жарқырап атып келе жатқан ерік таңы... Кешке күйеу, қыздар отырған бөлек тігілген әшекейленген үйге Құрманғандар келді... Бар... Бөкенің үйін даярлата бер, - деп Құрманға қарап, қыпжандап, - сабаларың жоқ қой?- деді. - Барамыз... әбден барамыз... әрине барамыз...- деп Құрман, Айтжан, Мұздыбек, Мұса жауап қайырды. Сонымен той бітті...жұрт ауылдарына қайтты. Жұрт Гүлжанға, Құрманға қарай қалды... Гүлжан бұрылып тұрып, сымбатты көк өрімдей көркем бойын, екі қатар өрген артында салбыраған қоп-қою ұзын қара жібектей шашын көрсетіп, қабысқан қызыл гүлдей еріндерімен манаптай болып түрегеліп тұрған Құрманды шөп еткізіп сүйіп алды... Бірақ, бірақ... бүйгіп кетемін деп ойлаған жоқ едім... Қош, қайран ел... 7. «Қу мал! ... Қу кедейлік! Қу тапшылық!» ... – деген сияқты зар еді... ... Бұл байғұстың алдыңғы тұрмыстары қандай болар екен? Мұндай жаз емес қыстың күні... ...Орташа келген

қырлы мұрны енді анық көрінді. Үлкен де, кіші де емес әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр... (Ө. Н.).

8. Бойларына күш жиып, қуаттанып қалған жауынгерлер орындарына атып-атып тұрды (С.С.).
9. – Сендер байдың сөзін сөйлейсің... – Соғысамыз... – Бәрібір осында өлеміз... – Алдымен болыстың басын жұтамыз... – деген айқай, зілденген, дүрілдеген кеуде, тепсінген тегеурін. – Көп білсін, қауым білсін... – десті (Ж.А.).
10. Дәрмен қамшысының сабына ақ орамалын байлап: - Соғысатындарың бері шық... – деп, топты таудың бетіне қарай соза жөнелді (Ж.А.).

7-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдердегі қос нүктенің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Тағы да осы бір қиялдай ойын сабақтай түсіп: несі бар ел көрсін, жер көрсін; өзіне лайық жолдас тапсын; «Жетім қозы тас бауыр, маңырап да отырғар» дегендей, алаңдайтын кімі бар: асқарлы таудай боп төрінде отырған әке жоқ, арқа сүйер алдында аға, тілек айтар іні жоқ, өзінде бұл да бір қысастығы болар деп ойлады (А. С.).
2. Матрос артынан: «Сіріңкеңді ал!», - деп дауыстап еді, оған шал мойын да бұрмады (Р.С.).
3. Әңгіме былай: кеше жұмыстан шаршап оралып, тамақ ішпестен жатып алып қиял ойладым (С.С.).
4. Манадан бері шомылған балалардың қызығына қарап, сол алыстап кеткен бұрынғы таныс күйімді қол жетпес армандай ұғып, шұбар атты самарқау айдап жүргенімде: - Арқан үзілді. Қаш. Өлдің! - деген оқыс айқайды естіп қалдым (С.С.).
5. Солдаттарға бұйрық беріп те үлгерген жоқ: есінде бар қалғаны Шарапханның Ташкент жақ қалталындағы жайдақ сайдың ішінен ат ойнатып шыға келген жасыл шапан, ақ қалпақтарды көргенде астындағы жалдың жалт бергені (А.С.).
6. Бірақ сәлден кейін әкесіне деген жиреніш суынар-суынбасты байқады: туған мен тойған жайлы өз ұғымы да әке ұғымынан қара ұмытып кетпеген екен (А. С.).
7. Сөйтсе, аңқылдаған ақкөңіл екен: «Аға», - деп іш тарта бір көргеннен бар өмірін еш риясыз қарттың алдына жайып тастады (М.С.).

8. Есік жабылысымен көңілім әлденеге жабырқап сала берді: «Бекер-ақ жібердім-ау. Тіптен шикі бала еді», - дегендей өкініш тыным таптырмады (М.С.).
9. Бұл өңірде тамыз туысымен кешікпей күз белгісі көріне бастайды: бидайық дәнін төгеді, жусан бүдірінен айырылады, бұйығының бояуы оңады, алабота сарғыш тартып, аласара береді (З.Қ.).
10. Өзге қостар да тұрса керек: далада шүлдірлеген сөздер молайып шыңылдай бастады (Ж.А.).

8-жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай анықтап, сұрау мен леп белгілерінің бірін қойыңыз.

1. Иман алысқа барып түскен бөркін алды да, енді аспанға өзі лақтырды. – Ғайниза жеңгей, сүйінші Сүйінші – деп бар дауысымен айдалаға айғай салды. – Бұл ненің қуанышы – деді қыз Мәдиге қарап (Ә.Ә.).
2. – Иә, аруақ Мәди ұйқысынан осылай аруақ шақыра, айғай сала ояңды (Ә.Ә.).
3. Екеуі бірі жымнып, енді бірі ырсиған арпалыста тұрған шақта Қара ояңды: - Босат – деген әмірлі даусы шықты (Ә. Ә.).
4. – Ел, ел – Қайран ауыл Айналайынның елі Тіпті, әлі жатқан да жоқ – деп Ербол мен Баймағамбетке даурығып хабар етіп жатыр (М. Ә.).
5. – Бұл жолдас жай жатыр ма – Жай... – Оятуға болмас па екен (Ғ. М.).
6. – Бар аңгіме осында ғой, балалар-ау Сырттан аршығанда ол қарды бір жаққа тасымас па едің (Ғ.М.).
7. – Аяғыңдағы неменен – Балақ бау ғой. – Жаттырағаны неменесі – Жез сақинасы ғой. (Ғ. М.).
8. Жиын ортасында жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып: - Уай, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз ба еді Бұ не қырсығың – дей бергенде Майбасар бастаған әуелгі жуандар: -Тарт тіліңді – Қысқарт – Жап аузыңды – деп арс-арс етті (М.Ә.).
9. Қодар аз үндемей тұрып, аналар басыла бергенде: - Ел-жұртқа маскара етіп, қор етіп, анау соқыр көзіңнің құнын менен алайын деп не едің – дегенде Құнанбай: - Шығартпа үнін Жоғалт көзін – деді (М.Ә.).
10. Майбасар ілесе: - Ой, қуарған көк төбет – деп қамшы үйіріп кеп қап еді. Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды: - Иә, мен көк ит болсам, сендер көп итсіңдер Жабыларсың, таларсың да жерсің –

дегенде, Қамысбай мен бағанағы төрт жігіт Қодарды сүйрей жөнелді. Сүйретіле бара жатып, Қодар зор дауыспен барынша шырқап: - Ақ, қарамды тексермедің бе, оңшең қан жұтқан, қара бет – деп қанталаған көзімен Құнзінбайға бұрылып, атып жібергендей қарады (М. Ә.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -107-117 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -64-75 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -54-58 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. -16-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. 65-70 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

ТАҚЫРЫБЫ: ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚАБАТТАСА ҚОЛДАНЫЛУЫ

1-жаттығу. Қабаттаса қолданылған тыныс белгілеріне назар аударыңыз. Олардың қойылу жолдарын төмендегі үлгі бойынша топтап жазыңыз. Үлгі:

«,-»	«.-»; «,-»; «?-»; «!-»; «...».	««»,»; ««».»; «?»«»; «!»«»; «...«».	«(.)»; «(?)»; «(!)»; «(...)»;	«?!»; «!?»; «?...»; «!...»; «?!.»;
Оларда насықтық бар, адамдық жоқ.	– Бұл ненің қуанышы? – деді қыз Мәдиге қарап.	«Үндеме, неге әкелгенімді кейін бізерсің», - деді.	Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы (Абай).	Шыңғыс... біздің алып Шыңғыс ше?..

1. Абай Әйгерімнің жүзіне таңдана, қызығып қарағандай, келіншегін оқшау әзімен қарсы алды: - Ербол, Әйгерімнің жүзіне қарашы, талайдан сағынған әндерін еркін шырқап, құлпырып қалған ба, немене?! (М.Ә.).
2. – Мынау Көкшенің тойы емес, Өмір мен Үмітейдің тойы ма? Бұл не өзі?.. – деп бір бурыл сақал Жігітек сөйлеп тұр (М.Ә.).
3. – Ел-жұртқа масқара етіп, қор етіп, анау соқыр көзіңнің құнын менен алайын деп пе едің!? – дегенде Құнанбай: - Шығартпа үнін! Жоғалт көзін! – деді (М.Ә.).
4. Есік жабылысымен көңілім әлденеге жабырқап сала берді: «Бекер-ақ жібердім-ау. Тіптен шикі бала еді», - дегендей өкініш тыныш таптырмады (М.С.).
5. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым болар ма?.. (М.Ә.).
6. Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас... – деді (М.Ә.).
7. Жас жігітті орнынан тұрғызып алса, - тіл жоқ, тұла бойы қалтырап, есі шығып кеткен, екі көзі ғана алақтайды (С.Ж.).

8. – Иә, ас дайын болса, онда ақын қалғанын кейін айтар, – деп Шыңғыс орнынан қозғалақтады (С.Б.).
9. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу қойып қорғаныш қылып, тастың су ағар жеріне жазу жазыпты: «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» – деп.
10. Қалай қабағы түседі, – солай ол да жабылады (С.Ж.).

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгілерін қойып, алардың қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

1. Батырдың қабағы қалай көтеріледі ... солай ауыл түндігі ашылады (С.Ж.).
2. Құнанбай ұзын торы аттың үстінде тұрып, айналаға, күн реңіне қарап алып, ішінен ... Қол қарасы көрінбейді, мұнысы тіпті жайлы ... деді (М.Ә.).
3. – Әуелі мұсылманша оқимын деп орысша тілге Асан екеуің бастыға алмай келесің-ау, ә ... деді (М.Ә.).
4. Тақырбұлақ тұсына келгенде Байтастар баланы жеке шабудан тежеп: – Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой ... Ұры жатады ... деді (М.Ә.).
5. Сөйтсе, аңқылдаған ақ көңіл екен ... Аға ... деп іш тарта бір көргеннен бар өмірін еш риясыз қарттың алдына жайып тастады (М.С.).
6. Ұшарын жел, қонарын сай білетін көшпелі елдің перзенті ... Қай қара қазанда да өз сыбағам бар деп ойлайды. 6. Шұға десе, Шұға! Ой, шіркіннің өзі келбетті еді-ау ... (Б.М.).
7. Отан! Неткен бай, неткен тамаша едің ...
8. Әйел-ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе ... (Ғ.М.).
9. Не деген қорлық! Бұл күнге дейін ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген, ерке өскен Ұлпан малға сатылып кете беретін көп қыздың бірі екен-ау ... (Ғ.М.).
10. Шолпаннан асыра қуып кетіпті, жер болса қалың қар, оны қуғанда мен қай жерге дейін шапшақпын ... (М.Ә.).

3-жаттығу. Мәтіннен тыныс белгілері қабаттаса қолданылған сөйлемдерді теріп жазып, тыныс белгілерінің қойылу жолдарын түсіндіріңіз.

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу қойып қорғаныш қылып, тастың су ағар жеріне жазу жазыпты: «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» - деп.

Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

- Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: «Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің» дегені ме деп білемін, - деді.

Екінші жолаушы мүсәпір жолаушы екен, басын шайқап:

- Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын кандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәмеспейді, бұлай болса адамға да әбірет сол: «Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе» дегені болса керек, - деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» - деп сұрады. Жігіт айтты:

- Менің ойыма бөтен бір нәрсе келді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді, бұлаққа күні-түні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: «Көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, бұлаққа қарасақ, күн түссе, күннің, шөп түссе, шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын» дегені ме деймін, - деді (Ы.А.).

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -117-119 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -75-82 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -58-65 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. -16-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. –Алматы, 1951. 71-75 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Қазақ орфографиясының принциптері.
2. Дауысты дыбыстардың жазылуындағы ерекшеліктер.
3. Дауыссыз дыбыстардың жазылуындағы ерекшеліктер.
4. Кірме сөздердің жазылуы.
5. Қосымшалардың үндестік заңы бойынша жалғануы.
6. Орыс тілінен енген сөздерге қосымшалардың жалғану ерекшеліктері.
7. Күрделі сөздердің жазылуы.
8. Шылау сөздердің жазылуы.
9. Бас әріптердің қолданылу ерекшеліктері.
10. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша.
11. Бастауыш пен баяндауыш арасына сызықшаның қойылмайтын жолдары.
12. Қаратпа сөздерге қойылатын тыныс белгілері.
13. Қыстырма сөздерге қойылатын тыныс белгілері.
14. Одағайлардың тыныс белгілері.
15. Айқындауыш мүшелердің тыныс белгілері.
16. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері.
17. Салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері.
18. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері.
19. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне байланысты қойылатын тыныс белгілері.
20. Нүктенің қойылу жолдары.
21. Сұрау белгісінің қойылу жолдары.
22. Леп белгісінің қойылу жолдары.
23. Қос нүктенің қойылу жолдары.
24. Үтірдің қойылу жолдары.
25. Нүктелі үтірдің қойылу жолдары.
26. Сызықшаның қойылу жолдары.
27. Тырнақшаның қолданылу жолдары.
28. Жақшаның қолданылу жолдары.
29. Көп нүктенің қойылу жолдары.
30. Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылу жолдары.

ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

Мақсаты: Бастауыш пен баяндауыштың жасалу жолдарына байланысты араларына қойылатын сызықшаның қойылу жолдарын анықтап, оларды тілдік деректер негізінде дәлелдеу.

Пайдаланылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -86-92 бб.
2. Сыздықова Р., Неталиева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -47-51 бб.
3. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -35-38 бб.
4. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы, 1991. -4-48, 58-64 бб.
5. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. -59-87 бб.

Қосымша әдебиет:

1. Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. 52-56 бб.
2. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. 66-89 бб.
3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1961. -44-74 бб.

Ұсынылып отырған әдебиеттерден бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның қойылу жолдарын қарастырып, сызықшаның қандай жағдайларда қойылмайтынына назар аудару қажет. Тұрлаулы мүшелердің жасалу жолдарын анықтау керек. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның әр жолына көркем шығармалардан мысалдар жинастырып, талдау қажет. Мәселен, *Кешегі төбелес, алыс-жұлыс атаулының ар жағында қалып қойған, алыстан тұрған – Тоғжан (М.Ә.)* деген сөйлемді қарастырайық. Алдымен тұрлаулы мүшелердің жасалу жолдарын анықтау қажет. Сөйлемнің баяндауышы – *Тоғжан*, атау тұрғалы зат есім, бастауышы – *қалып қойған, алыстан тұрған*, есімше формалы етістік. Ендеше, бастауыш есімшеден жасалғандықтан олардың араларына сызықша қойылуы тиіс.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықшаның қойылмау жолдары да көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы дәлелдену қажет.

Соңынан пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақ орфографиясы туралы түсінік.
2. А, е әріптерінің жазылуы.
3. Ә әріпінің жазылуы.
4. О, Ө әріптерінің жазылуы.
5. Ұ, у әріптерінің жазылуы.
6. Ы, і әріптерінің жазылуы.
7. Э, ю, я әріптерінің жазылуы.
8. У, и әріптерінің жазылуы.
9. Ф, х әріптерінің жазылуы.
10. В, ч, ц әріптерінің жазылуы.
11. Щ әріпінің жазылуы.
12. Б, в, г, д әріптерінің жазылуы.
13. Ы, г, й әріптерінің жазылуы.
14. Көп буынды түбір сөздердің жазылуы.
15. Орыс тілінен енген сөздердің жазылуы.
16. Араб, парсы тілдерінен енген сөздердің жазылуы.
17. Қосымшалардың буын үндестігі бойынша жалғануы.
18. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың жазылуы.
19. Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғану ерекшеліктері.
20. Қосымшалардың дыбыс үндестігі бойынша жалғануы.
22. Бөлек жазылатын сөздер.
23. Бірге жазылатын сөздер.
24. Қос сөздердің жазылу емлесі.
25. Қысқарған сөздердің жазылуы.
26. Жалғаулықты шылаулардың жазылуы.
27. Демеулік шылаулардың жазылуы.
28. Одағай сөздердің жазылуы.
29. Бас әріптің қолданылу жолдары.
30. Тасымал.
31. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері.
32. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықшаның қойылу, қойылмау жолдары.
33. Қаратпа сөздердің тыныс белгілері.
34. Қыстырма сөздің тыныс белгілері.
35. Одағайлардың тыныс белгілері.
36. Оңашаланған айқындауыш мүшелердің тыныс белгілері.
37. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері.

38. Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері.
39. Жалғаулықсыз салаласа құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгілері.
40. Жалғаулықты салаласа құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгілері.
41. Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгілері.
43. Төл сөздің тыныс белгілері.
44. Тыныс белгілерінің түрлері. Олардың қойылу жолдары.
45. Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

I нұсқа

1. А, е әріптері сөздің қай буынында жазылады?
 - А) барлық буында
 - В) алғашқы буында
 - С) соңғы буында
 - Д) ортаңғы буында
 - Е) екінші буында
2. Ұ, ү әріптері қай буынында жазылады?
 - А) соңғы буында
 - В) ортаңғы буында
 - С) бірінші буында
 - Д) барлық буында
 - Е) екінші буында
3. Ы, і әріптері қай буынында жазылады?
 - А) соңғы буында
 - В) ортаңғы буында
 - С) бірінші буында
 - Д) барлық буында
 - Е) екінші буында
4. Байы, кейі етістіктеріне көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда қалай жазылады?
 - А) байый, кеййі
 - В) байи, кейи
 - С) баый, кеій
 - Д) баю, кею
 - Е) байыи, кейіи
5. С, з дыбыстарына аяқталған сөзге ш дыбысынан басталатын қосымша жалғанғандағы сөздің дұрыс жазылуын көрсетіңіз.
 - А) сөзшен, бащы
 - В) сөщен, башшы
 - С) сөшшен, башшы
 - Д) сөщєн, бащы
 - Е) сөзшен, басшы

6. Полк, танк, факт, парк, киоск сөздеріне дұрыс жалғанған қосымшаны көрсетіңіз
- A) полкке, танкке, фактіге, паркке, киоскіге
 - B) полкқа, танққа, фактқа, паркқа, киоскқа
 - C) полкы, танкы, факты, паркы, киоскы
 - D) полктар, танктар, факттар, парктар, киосктар
 - E) полктың, танктың, факттың, парктың, киосктың
7. Сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк дыбыстарына біткен орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда қандай өзгеріс болады?
- A) екі дауыссыз да сақталып жазылады
 - B) жуан дауысты қосымшамен жазылады
 - C) жіңішке дауысты қосымшамен жазылады
 - D) түбірдің соңғы дауыссызы түсіріліп жазылады
 - E) дыбыс үндестігі бойынша жазылады
8. Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қалай жалғанады?
- A) соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай
 - B) жіңішке қосымшалар
 - C) жуан қосымшалар
 - D) ы, і дәнекер дауыстылары арқылы
 - E) буын үндестігі бойынша
9. Күрделі сан есімдер қалай жазылады?
- A) бірге жазылады
 - B) дыбыс үндестігі бойынша
 - C) бөлек жазылады
 - D) буын үндестігі бойынша
 - E) айтылуы бойынша
10. Қос сөздер қалай жазылады?
- A) бірге жазылады
 - B) дыбыс үндестігі бойынша
 - C) бөлек жазылады
 - D) буын үндестігі бойынша
 - E) дефис арқылы

11. Одағайлар құрамындағы ай, ау шылаулары қалай жазылады?
- A) бірге жазылады
 - B) дыбыс үндестігі бойынша
 - C) бөлек жазылады
 - D) буын үндестігі бойынша
 - E) дефис арқылы
12. Дұрыс жазылған жалқы есімдер қатарын көрсетіңіз
- A) Біріккен Ұлттар Ұйымы, Қазақстан Республикасы, Алтай өлкесі, Эйфель мұнарасы, «Арман» кинотеатрымаа
 - B) Біріккен ұлттар ұйымы, Қазақстан республикасы, алтай өлкесі, эйфель мұнарасы, «арман» кинотеатры
 - C) Біріккен Ұлттар ұйымы, Қазақстан Республикасы, Алтай Өлкесі, Эйфель Мұнарасы, «Арман» Кинотеатры
 - D) Біріккен ұлттар Ұйымы, қазақстан республикасы, Алтай Өлкесі, Эйфель мұнарасы, «Арман кинотеатры»
 - E) Біріккен-ұлттар ұйымы, Қазақстан Республикасы, Алтай өлкесі, Эйфель-Мұнарасы, «Арман-кинотеатры»
13. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер соңына қандай тыныс белгілері қойылады?
- A) нүкте, көп нүкте, нүктелі үтір
 - B) сұрау белгісі, қос нүкте, сызықша
 - C) нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі
 - D) леп белгісі, үтір, көп нүкте
 - E) сызықша, қос нүкте, үтір
14. Құрмаласқан жай сөйлемдердің алғашқысы сұраулы сөйлем болса, олардан кейін қандай тыныс белгісі қойылады?
- A) сұрау белгісі
 - B) тұтас сөйлемнің типіне қарай не нүкте, не леп белгісі қойылады
 - C) қос нүкте
 - D) нүктелі үтір
 - E) көп нүкте

15. Бастауыш пен баяндауыштың арасына тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Бөжей де – Құнанбай сияқты феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін феодал.
 - B) Бөжей де Құнанбай сияқты – феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін феодал.
 - C) Бөжей де Құнанбай сияқты феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін феодал.
 - D) Бөжей де, Құнанбай сияқты, феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін феодал.
 - E) Бөжей де Құнанбай сияқты феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін – феодал.
16. Қаратпа сөзге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Толғауы тоқсан, қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл
 - B) Толғауы тоқсан қызыл, тіл, Сөйлеймін десең өзің біл
 - C) Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл
 - D) Толғауы тоқсан қызыл тіл Сөйлеймін десең өзің біл
 - E) Толғауы тоқсан, қызыл тіл Сөйлеймін десең өзің біл
17. Қыстырма сөзге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Салжігіттен (Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді) неге қалдым?
 - B) Салжігіттен, Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді неге қалдым?
 - C) Салжігіттен, Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді, неге қалдым?
 - D) Салжігіттен Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді, неге қалдым?
 - E) Салжігіттен, (Темірбекті ол Салжігіт дейтін еді), неге қалдым?
18. Айқындауыш мүшеге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Бұл әннің авторы, композиторды біз жақсы танитынымызды аңғарттық.
 - B) Бұл әннің авторы – композиторды біз жақсы танитынымызды аңғарттық.
 - C) Бұл әннің авторы, композиторды, біз жақсы танитынымызды аңғарттық.
 - D) Бұл әннің авторы – композиторды, біз жақсы танитынымызды аңғарттық.
 - E) Бұл әннің авторы, – композиторды, біз жақсы танитынымызды аңғарттық.

19. Да шылауы қайталамай, екі бірыңғай сын есім, үстеуден болған мүшенің арасында келсе, қандай тыныс белгісі қойылады?

- A) сызықша
- B) үтір
- C) қос нүкте
- D) нүктелі үтір
- E) тыныс белгісі қойылмайды

20. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз

- A) Оспан Жиренше қой деген сайын, сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді.
- B) Оспан – Жиренше қой деген сайын сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді.
- C) Оспан Жиренше қой деген сайын: сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді.
- D) Оспан, Жиренше қой деген сайын, сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді.
- E) Оспан, Жиренше қой деген сайын – сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді.

II нұсқа

1. Ә әрпі көбінесе сөздің қай буынында жазылады?

- A) соңғы буында
- B) бірінші буында
- C) ортаңғы буында
- D) барлық буында
- E) көп буында

2. О, ө әріптері қазақ сөздерінің қай буынында жазылады?

- A) соңғы буында
- B) ортаңғы буында
- C) алғашқы буында
- D) барлық буында
- E) екінші буында

3. Дұрыс жазылуын көрсетіңіз

- A) күндүз, күрүк, орын, өңір
- B) күндүз, құрык, орұн, өңүр
- C) күндүз, күрүк, орұн, өнүр
- D) күндыз, құрык, орұн, өнүр
- E) күндыз, құрык, орын, өңір

4. Сый, тый етістіктеріне -у, -а жұрнақтары жалғанғанда қалай жазылады?
- A) сыйа, тыйа; сыйу, тыйу
 - B) сыя, тыйа, сыю, тыйу
 - C) сыйа, тыя, сыйу, тыю
 - D) сыя, тыя, сыйу, тыйу
 - E) сыя, тыя, сыю, тыю
5. С, з дыбыстарына аяқталған сөзге ш дыбысынан басталатын қосымша жалғанғандағы сөздің дұрыс айтылуын көрсетіңіз
- A) сөщен, бащы
 - B) сөщен, башшы
 - C) сөшшен, башшы
 - D) сөщен, бащы
 - E) сөзшен, басшы
6. Соңғы екі дауыссыздың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге қазақ тілі қосымшалары қалай жалғанады?
- A) буын үндестігі бойынша
 - B) дыбыс үндестігі бойынша
 - C) жіңішке қосымша
 - D) жуан қосымша
 - E) дауыстыдан басталатын қосымша
7. Нд, из, нк, иг, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт дыбыстарына аяқталған орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары қалай жалғанады?
- A) буын үндестігі бойынша
 - B) дыбыс үндестігі бойынша
 - C) ы, і дәнекер дыбыстары арқылы
 - D) жіңішке қосымша
 - E) жуан қосымша
8. см, мм, км, га сияқты қысқарған белгілерге қосымшалар қалай жалғанады?
- A) жіңішке қосымша

- В) осы белгілер таңбалайтын сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай
С) жуан қосымшалар
D) дыбыс үндестігі бойынша
E) ы, і дәнекер дыбыстары арқылы
9. Адам, мал, айуан организмі мүшелерінің атауларын білдіретін екі зат есімнен құралған күрделі сөздер қалай жазылады?
A) бірге жазылады
B) дыбыс үндестігі бойынша
C) бөлек жазылады
D) буын үндестігі бойынша
E) айтылуы бойынша
10. Бір-бірімен мағыналас етістіктер қалай жазылады?
A) бірге жазылады
B) дыбыс үндестігі бойынша
C) бөлек жазылады
D) дефис арқылы
E) айтылуы бойынша
11. Ма (ме, ба, бе, па, пе) және ақ, да шылаулары жалғаудан бұрын келгенде қалай жазылады?
A) дефис арқылы
B) дыбыс үндестігі бойынша
C) бөлек жазылады
D) буын үндестігі бойынша
E) бірге жазылады және ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулары мы, мі, бы, бі, пы, пі болып өзгереді.
12. Дұрыс жазылған жалқы есімдер қатарын көрсетіңіз
A) Мұхтар Әуезов, Қамар Сұлу, Хо Ши мин, алатау, ЖолиоКюри
B) Мұхтар Әуезов, Қамар сұлу, Хо Ши Мин, Алатау, Жолио-Кюри
C) Мұхтар әуезов, Қамар Сұлу, Хошимин, алатау, Жолио Кюри
D) Мұхтар Әуезов, Қамар Сұлу, Хо Ши мин, Алатау, ЖолиоКюри
E) Мұхтар Әуезов, қамар Сұлу, Хо Шимин, алатау, Жолио-Кюри
13. Цифр немесе әріптер арқылы санамалап айтылған сөйлемдерден кейін қандай тыныс белгілері қойылады?
A) нүкте, нүктелі үтір, үтір

- В) сұрау белгісі қос нүкте, сызықша
 С) нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі
 D) леп белгісі, үтір, көп нүкте
 E) сызықша, қос нүкте, үтір
14. Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар, сәлем- дескенде айтылатын сөйлемдерден кейін қандай тыныс белгісі қойылады?
- A) нүкте
 B) сұрау белгісі
 C) леп белгісі
 D) көп нүкте
 E) нүктелі үтір
15. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Бүркітші – тау басында, қағушы - ойда.
 B) Айман – он төртте.
 C) Сен – мейірімді жансың.
 D) Бірақ бұл – қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл тапқаны.
 E) Ол – ұзақ сапардан оралды.
16. Қаратпа сөзге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Жарайды, Абай аға қаршыға жайында ма?
 B) Жарайды, Абай, аға қаршыға жайында ма?
 C) Жарайды Абай, аға қаршыға жайында ма?
 D) Жарайды Абай аға қаршыға жайында ма?
 E) Жарайды, Абай аға, қаршыға жайында ма?
17. Қыстырма сөзге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз
- A) Көктемде жыл құстарының алды мысалы қаз бен үйрек келе бастайды.
 B) Көктемде жыл құстарының алды, мысалы қаз бен үйрек, келе бастайды.
 C) Көктемде жыл құстарының алды, мысалы, қаз бен үйрек келе бастайды.

- D) Көктемде жыл құстарының алды (мысалы қаз бен үйрек) келе бастайды.
E) Көктемде жыл құстарының алды, (мысалы қаз бен үйрек) келе бастайды.

18. Айқындауыш мүшеге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз

- A) Ылғалды жерлерде, көбінесе, өзен бойларында шөп қалың өседі.
B) Ылғалды жерлерде, көбінесе өзен бойларында шөп қалың өседі.
C) Ылғалды жерлерде, көбінесе өзен бойларында, шөп қалың өседі.
D) Ылғалды жерлерде көбінесе, өзен бойларында, шөп қалың өседі.
E) Ылғалды жерлерде көбінесе өзен бойларында шөп қалың өседі.

19. Да шылауы етістіктен болған екі бірыңғай баяндауыштың арасына қайталамай келсе, қандай тыныс белгісі қойылады?

- A) тыныс белгісі қойылмайды
B) үтір
C) сызықша
D) нүктелі үтір
E) қос нүкте

20. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз

- A) Үйде шешен, дауда жоқ.
B) Үйде шешен – дауда жоқ.
C) Үйде шешен; дауда жоқ.
D) Үйде шешен: дауда жоқ.
E) Үйде шешен, - дауда жоқ.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ

№	I нұсқа	II нұсқа
1.	A	B
2.	C	C
3.	D	E
4.	B	E
5.	E	D
6.	A	A
7.	D	C
8.	A	B
9.	C	C
10.	E	D
11.	A	E
12.	A	B
13.	C	A
14.	B	C
15.	D	D
16.	E	B
17.	A	B
18.	B	C
19.	E	B
20.	D	E

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. -532 б.
2. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. – Алматы: Мектеп, 1974. -271 б.
3. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. -113 б.
4. Сыздықова Р., Неталнева Қ. Қазақ тіліндегі пунктуациялық ережелер. – Алматы, 1961. -284 б.
5. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996. -197 б.
6. Күдерина Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздер. – Алматы, 2009. -144 б.
7. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. -272 б.
8. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. -136 б.
9. Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Республика баспа кабинеті, 1995. -89 б.
10. Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. -200 б.
11. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері – Алматы, 2008. -262 б.
12. Күдерина Қ.Б. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2009 -276 б.
13. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері: (мақалалар жинағы)/ Р. Сыздық. - Алматы: КИЕ лингвоелтану инновация орталығы, 2009. - 535 б.
14. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. -448 б.
15. Ысқақов, Ә.Хасенов. Тыныс белгілері. – Алматы, 1951. -335 б.
16. Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. – Алматы, 1957. -288 б.
17. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Дәуір, 2005. -256 б.
18. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: ЗиятПресс, 2004. -140 б.
19. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы, 1977. - 195 б.

20. Оралбаева Н. Қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. -336 б.
21. Исаев. С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. -170 б.
22. Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл?: ғылыми басылым/ Сейдін Бизақов. – Алматы: Арыс, 2010. -430 б.
23. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы: ғылыми басылым/ жауапты ред. Н. Уәли [ж.б.]. - Алматы: Арыс, 2007. -410 б.
24. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық/ жалпы ред.: А.Ысқақов, Н. Уәли; құраст. Ж. Манкеева [ж.б.]. - Алматы: Дәуір. - 2011. -750 б.
25. Орфографиялық сөздік. – Алматы, 2007. -480 б.
26. Орфоэпиялық сөздік. – Алматы, 2007. -800 б.

Электрондық оқулықтар мен оқу құралдары:

1. Тұрсынова М.А. «Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері» пәні бойынша электронды дәрістер курсы. Қарағанды, 2009.
2. Тұрсынова М.А. «Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері» пәні бойынша мультимедиялық презентациялар. Қарағанды, 2011.
3. Орталық Қазақстанның жер-су аттары [Электронный ресурс]: научное издание/ ред. Т. Жанұзақов.-Электрон. текстовые дан.(9,87Мб). - Алматы: Ғылым, 1989. - 255 б.
4. Қалиев Б.А. Қазіргі қазақ тілі (фонетика) пәні бойынша дәріс материалдары [Электронный ресурс]: курс лекций/ Қалиев Б.А.; Қарағанды мемлекеттік ун-ті. - Электрон. текстовые дан. (1.1Мб). - Қарағанды: ҚарМУ басп., 2005.
5. Қалиев Б.А. "Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы"пәні бойынша лекциялар курсы [Электронный ресурс]: маманд. 050117 "Қазақ тілі мен әдебиеті"/ Б.А. Қалиев; Қарағанды мемлекеттік университеті. - Электрон. текстовые дан. (970Кб). - Қарағанды, 2008.

ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН АВТОР АТТАРЫ

- Ә.Ә. – Ә.Әбішев
Ә.К. – Ә.Кекілбаев
Ә.Н. – Ә.Нұрпейісов
Б.М. – Б.Майлин
Б.М. – Б.Момышұлы
Ғ.М. – Ғ.Мүсірепов
Ғ.Мұст. – Ғ.Мұстафин
Д.Д. – Д.Досжанов
Д.И. – Д.Исабеков
Ж.А. – Ж.Аймауытов
З.А. – З.Ахметова
Қ.Ж. – Қ.Жұмаділов
М.Ә. – М.Әуезов
М.М. – М.Мағауин
О.Б. – О.Бөкей
С.Ж. – С.Жүнісов
С.М. – С.Мұқанов
С.С. – С.Сматаев
Т.А. – Т.Ахтанов
Х.Е. – Х.Есенжанов
Ш.М. – Ш.Мұртаза
І.Е. – І.Есенберлин

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Дауысты дыбыстардың жазылу емлесі	4
Дауыссыз дыбыстардың жазылу емлесі	8
Түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы	10
Бөлек, бірге және дефис арқылы жазылатын сөздер	13
Қысқарған сөздердің жазылуы	17
Шылаулардың жазылуы	19
Одағайлардың жазылуы	23
Бас әріптің қолданылуы	26
Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер	29
Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	32
Қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің тыныс белгілері	35
Айқындауыш мүшелердің тыныс белгілері	40
Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері	43
Құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері	47
Төл сөздің тыныс белгілері	51
Тыныс белгілері	57
Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы	64
Студенттердің өздік жұмыстарының тақырыптары	68
Өздік жұмысын орындау үлгісі	69
Бақылау сұрақтары	71
Тест тапсырмалары	73
Тест тапсырмаларының жауаптары	82
Пайдаланылған әдебиеттер	83
Қысқартылып алынған автор аттары	85

Для заметок

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО

ИЗДАТЕЛЬСТВО



ИЗДАТЕЛЬСТВО

Ажарбекова Э.Н.

ОРФОГРАФИЯ ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Практикум)

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың ақтығы 95%.
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 108 бет. Шартты биспа табағы 6,75.



«Эверо» баспасында басылымға
дабындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.
тел.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,
233 80 45, 233 80 42
e-mail: evero08@mail.ru